# Сыр бойы

№52-53
(19730-19731)
13 СӘУІР,
СЕНБІ
2019 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ | WWW.SYRBOYI.KZ



BÚGINGI SANDA


KITAP ǴUMYRY MÁŃGILIK 2»


QAZALYNYŃ QURYLYSY QARQYNDY 4»


SÝ BETINDEGI SULÝLYQ 8»


KÓSHPELI KÓRME – SYR ELINDE

# АУЫЛ БАЛАСЫНАН ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНА ДЕЙІНГІ ЖОЛ



**Апта басында облыстық тарихи-өлкетану музейінде «Н.Назарбаев: дәуір, тұлға, қоғам» көшпелі көрмесі ашылған еді. Осыған дейін Алматыда, Шымкентте, Түркістанда, Атырау мен Ақтөбеде өткен көрмені 700 мыңнан астам келуші тамашалаған. Музей қызметкерлерінің айтуынша, жылжымалы көрме Қызылордада ашылғалы бері оны 5000-нан астам адам көрген. Оған қоса өткен демалыс күндері Шиелі және Қармақшы аудандарында жылжымалы экскурсия ұйымдастырылды.**

3-бет.



# ЕКІ ЖЫЛДА АУҚЫМДЫ ЖҰМЫС АТҚАРЫЛДЫ

**Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы «Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жөніндегі ұлттық комиссия отырысы өтті.**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың Жарлығымен жаңартылған Ұлттық комиссия құрамына Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хатшысы Марат Тәжин жетекшілік етеді.

Комиссия отырысында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы мен Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласының іске асырылу қорытындылары, сонымен қатар жаңа жобаларды жүзеге асыру жоспарлары қаралды.

Жиынды ашқан Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин екі жыл ішінде қоғамдық және тарихи сананы жаңғыртуды басты мақсат еткен ауқымды жұмыс атқарылғанын атап өтті.

Латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиі бекітілді. «Туған жер» жобасы аясында меценаттар қаражатына 27 мектеп, 115 балабақша, 479 әлеуметтік инфрақұрылым нысаны салынды. Отандық тарихта алғаш рет шет тілдерден экономика, әлеуметтану, саясаттану, психология және өзге де ғылым салалары бойынша әлемдегі 48 үздік оқулық қазақ тіліне аударылып, басып шығарылды. Елдің гуманитарлық білім қоры 2019 жылы тағы 30 кітаппен толықпақ. Сондай-ақ БҰҰ-ның негізгі 6 (ағылшын, француз, испан, араб, қытай, орыс) тілінде Қазақстан жазушылары мен ақындарының проза және поэзия антологиялары баспаға әзірленіп, осы жылы жарық көретін болады. «Киелі Қазақстан» жобасы табысты жүргізілуде: 28 тарихи нысанда реставрация жасалды, жаңадан «Бозоқ», «Ботай», «Сарайшық» қорық-музейлері ашылды. Елбасының «Ұлы даланың жеті қыры» мақаласындағы жобалар қызу іске асырылуда.

Жүргізіліп жатқан жұмыстың нақты нәтижелері мен жоспарлары туралы отырыста Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Мемлекеттік бақылау және ұйымдастыру-аумақтық жұмысы бөлімінің меңгерушісі Нұрлан Сауранбаев, «Wikibilim» қоғамдық қоры қамқоршылар кеңесінің төрағасы Рауан Кенжеханұлы, Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігі Ішкі саясат бөлімінің меңгерушісі Аида Балаева, Нұр-Сұлтан қаласының әкімі Бақыт Сұлтанов, Мәдениет және спорт министрі Арыстанбек Мұхамедиұлы, Білім және ғылым министрі Күләш Шәмшидинова, Ақпарат және қоғамдық даму министрі Дәурен Абаев сөз сөйледі.

Мемлекеттік хатшы Марат Тәжин «Рухани жаңғыру» бағдарламасын әрі қарай іске асыру жұмысын жандандыру қажеттігін айрықша атап айтып, бірқатар тапсырма берді, олардың орындалуы Қазақстан Республикасы Президенті Әкімшілігінің тиісті бөлімдері мен Ұлттық комиссияның ұдайы бақылауында болмақ.

BÁREKELDI!



**Сәуірдің 5-10 күндері Өзбекстанның Термез қаласында Халықаралық бахшылық (жыраулық) өнер фестивалі өтті.**

**74 мемлекеттің 160-тан аса ұлт өнерінің шебері бақ сынаған сайыста Сыр елінің дарынды қызы, қазақтың жампоз жырауы Ұлжан Байбосынова бас бәйгені жеңіп алды.**

# ТЕРМЕЗДІ ТЕРБЕТКЕН ТЕКТІЛІК

Ұлжан Байбосынова – атақты жырау Алмас Алматовтан сабақ алған, осы өнерді жеті атасынан жалғап келе жатқан Бидас Рүстембековтің шәкірті. Талай мәрте халықаралық жыр сайыстарынан суырылып шығып, бәйге алдын бермеген тарланбоз талант.

Ықылас Дүкенұлы атындағы халық музыкалық аспаптар музейінің директоры, Құрманғазы атындағы қазақ ұлттық консерваториясының аға оқытушысы, Франция әдебиеті мен өнері кавалері орденінің иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері.

Біз жерлесімізді телефон арқылы жеңісімен құттықтап, осы фестивальдің өту барысы жайлы аз-кем ақпарат алған едік.

8-бет.

ÁLEÝMET PEN ÁLEÝET

# КӨПБАЛАЛЫ ОТБАСЫЛАРДЫ ҚОЛДАУ: ОБЛЫС ТӘЖІРИБЕСІ ӨЗГЕ ӨҢІРЛЕРГЕ ҮЛГІ

**Осы күні облыс орталығында көпбалалы 1650 отбасы үй кезегінде тұр. Соның 150-іне арнап 25 мердігер мекеме «Бәйтерек» шағын ауданында баспана салып жатыр. Әрқайсысына үшеуден бекітілген. Бұл жұмыстың сапалы жүргізіліп, уақытылы аяқталуына септігін тигізеді.**

Назерке САНИЯЗОВА.

Жағдайы сын көтермейтін тұрғын жайларда өмір сүріп жатқан 150 отбасын арнайы комиссия анықтады. Нәтижесінде олар мемлекет қолдауына ие болды. Облыс әкімдігі Болат Өтемұратовтың жеке қорымен бірлесіп «Баламекен» жобасы аясында өтеусіз негізде берілетін үйлер салуға кірісіп кетті. 150 пәтердің 50-і – жергілікті бюджет, 100-і қор қаражаты есебінен бой көтереді. Баспана құрылысын қаржылай қолдау үшін қордан 450 млн теңге бөлініп отыр.

ҚР Премьер-министрінің орынбасары Гүлшара Әбдіқалықова бастаған Үкімет делегациясы жуырда өңірге жұмыс сапары кезінде «Бәйтерек» шағын ауданындағы құрылыс қарқынын көрді. Қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаев мердігерлерге жұмысты тиянақты әрі сапалы жүргізу тапсырылғанын жеткізді. Ең бастысы, үйлердің бағасы қалтаға қонымды.

– Әр шаршы метрі – 70 мың теңгеден. Сонда 65 шаршы метрлік бір пәтердің құны 4,5 млн теңге болады. Әрқайсысында асхана, жатын, қонақ бөлмелері бар. Белгіленген мерзімге қарай инженерлік инфрақұрылым жүргізу жұмысы аяқталады. Сондай-ақ, әрбір отбасыға бау-бақша егу үшін 6 сотық жер телімі бөлінеді, – деді Нұрлыбек Нәлібаев.

Табысы төмен көпбалалы, толық емес, мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар үшін тұрғын үйдің қолжетімділігін арттыруға қатысты Елбасы тапсырмасын орындау жөніндегі жұмыс кеңесінде Үкімет басшысы Асқар Мамин облыс әкімдігінің озық тәжірибесін атап өтті. Қайырымдылық – игілікті іс екенін тілге тиек еткен Премьер-министр оң бастаманы өзге өңірлерге үлгі ретінде ұсынып, бизнес өкілдерін әлеуметтік әлсіз отбасыларға әлеуметтік қолдау көрсету жобаларын бірлесе жүзеге асыруға шақырды.

Аймақта әлеуметтік жағынан аз қамтылған азаматтарға қолдау көрсету шаралары мұнымен шектелмейді. Тұрмысы төмен көпбалалы отбасыларға арналған жалдамалы тұрғын үй бағдарламасын іске асыруға қосымша 3,6 млрд теңге бөлінді. Аталған қаржы есебінен 470 пәтерлік 10 үй салынады. Биыл облыста жалпы саны 1966 пәтер болатын көпқабатты 45 баспана құрылысы жүргізілмек. Олардың басым бөлігі мұқтаж азаматтарға арналған.



BAĞDARLAMA BAIANY

**Аймақта жыл басынан халықтың мұқтаж тобына, әлеуметтің белгіленген санаттарына арналған «Орда» бағдарламасы арқылы жүздеген отбасы баспанаға ие болды.**

# «ОРДА»: ЖҮЗДЕГЕН ОТБАСЫ БАСПАНАЛЫ БОЛДЫ



Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.

Сыр өңірінде ғана жүзеге асатын «Орда» бағдарламасының негізгі мақсаты да сол, әлеуметтің осал тобын мейлінше қолжетімді тұрғын үймен қамтамасыз ету. Аймақ басшысының бастамасымен бастапқы төлемсіз тұрғын үй алуға мүмкіндік беретін 3 жылға есептелген «Орда» тұрғын үй құрылысының жол картасы әзірленген еді.

Биылғы жылы бағдарлама аясында қаланың сол жағалауынан 246 пәтер пайдалануға беруге дайын болса, бағдарлама талаптары негізінде жарияланған конкурсқа 1500 тұрғын қатысқан.

– Бүгінде «Орда» бағдарламасының талаптарына сай келген, конкурстан өткен азаматтармен жергілікті әкімдік тарапынан пәтерді жалға беру келісімшарты әзірленуде. Бағдарлама бойынша жаңа қоныс – сол жағалаудан беріледі,– дейді Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі Қызылорда облысы бойынша филиалының «Бизнесті дамыту» бөлімінің I санатты маманы Айжан Аралбай.

Банк маманының айтуынша, жақында «Бақытты отбасы» бағдарламасы іске қосылмақ. Бұл – Елбасының «Nur Otan» партиясының кезекті XVIII съезіндегі тапсырмасы негізінде жүзеге асатын бағдарлама.

Атап айталық, өңірімізде мұқтаж отбасыларды, көпбалалы аналарды баспанамен қамту мәселесі қай кезде де назардан тыс қалған емес. Баянды бастамалар алдағы уақытта да ел әлеуетін көтеруге дәнекер бола бермек.




Баспасөз – 2019

ҚАДІРЛІ ОҚЫРМАН!

«Сыр медиа» ЖШС қарасты мерзімді басылымдарға 2019 жылдың екінші жартыжылдығына жазылу науқаны басталды.

Ел және жаһан жаңалықтарын, жедел әрі нақты ақпаратты газет сайтынан да таба аласыз.



Серіктестікке қарасты газеттерге барлық аудандық редакцияларда және «Сыр медиа» ЖШС-ның баспасөз бөлімінде (С. Бейбарыс көшесі, 4 «А» мекен-жайында) жазылуға болады. Ұжымдық және аталған мекен-жайға келуге мүмкіндігі жоқ оқырмандарға бөлім қызметкерлері барып қызмет көрсететінін еске саламыз.

ÚNDEÝGE ÚN QOSTY



# 9 МАУСЫМ – ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ПРЕЗИДЕНТІН САЙЛАУ КҮНІ

BRIFING

## САЙЛАУ ТӘРТІБІМЕН ТАНЫСТЫРДЫ

**Кезектен тыс Президент сайлауын өткізу бойынша ақпараттар жариялана бастады. Орталық сайлау комиссиясы сайлауды әзірлеу мен өткізудің негізгі іс-шараларының күнтізбелік жоспарын бекітті.**

**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.**

Президенттікке кандидаттарды ұсыну 10 сәуірден басталып, 28 сәуірде жергілікті уақытпен кешкі сағат 18-00-де аяқталады. Президенттікке кандидаттарды қоғамдық бірлестіктердің жоғары органдары ғана ұсына алады. Бұл туралы өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық сайлау комиссиясының төрағасы Абайбек Жүнісов пен төраға орынбасары Қожамжар Наурызбаев сайлауалды іс-шаралар тәртібін түсіндірді.

Тәртіп бойынша облыс аумағындағы аумақтық сайлау комиссиялары тарапынан 19 сәуірден кешіктірмей бұқаралық ақпарат құралдарында аумақтық сайлау комиссиясы құрамын, жергілікті әкімдіктер 24 сәуірден кешіктірмей аудандық, қалалық газеттерде сайлау учаскелерінің шекараларын жариялайтын болады.



– Облыс бойынша аумақтық сайлау комиссияларының құзырына Президенттікке кандидаттардың сенім білдірілген адамдарының тізімдерін бекіту, тиісті куәлік беру, Президенттікке кандидаттарды қолдап қол қойған сайлаушының өзі қол қойғандығын растау үшін құзырлы орын қызметкерін қатыстыра отырып тексеру және оны орталық сайлау комиссиясына табыстау қызметі кіреді,– дейді облыстық сайлау комиссиясының төрағасы.

Президенттікке кандидат болып ұсынылған азаматтар 2019 жылғы 1 сәуірдегі жағдай бойынша өзінің және жұбайының кірісі мен мүлкі туралы декларация тапсырады. Кандидат болып ұсынылғандар тіркеуден өту үшін өзге құжаттармен қатар ең төменгі жалақының елу еселенген мөлшерінде сайлау жарнасын төлейді.

Кандидаттардың өз тарапынан сайлау қорлары болады. Сайлау қорын ашу, ашпау өз еркінде. Сайлау қоры екі қаржы көзінен: жалпы сомасы ең төменгі жалақының 12 мың еселенген мөлшерінен аспайтын өз қаражатынан және оны ұсынған республикалық қоғамдық бірлестік бөлген қаражаттан болса, екінші – ең төменгі жалақының 15 мың еселенген мөлшерінен аспайтын республика азаматтары мен ұйымдарының ерікті қайырымдылық қаржысынан құралады.

Атап айтарлығы, Президенттікке кандидаттардың үгіт-насихат жұмыстары, тіркеу мерзімі аяқталған сәттен басталып, 8 маусымда сағат 24:00-де аяқталады.

– Орталық сайлау комиссиясы бекіткен күнтізбелік жоспарға сәйкес, жергілікті әкімдер әрбір сайлау учаскесі бойынша сайлаушылар тізімдерін тиісті сайлау комиссияларына 20 мамырдан кешіктірмей акт бойынша тапсыратын болады және әрбір сайлау учаскесінде, дауыс беру орындарында сайлаушыларға танысу үшін тізім 25 мамырдан кешіктірмей ілінетін болады, – дейді А.Жүнісов.

Брифингте атап айтылғандай, облыс бойынша 9 аумақтық және 366 учаскелік сайлау комиссиясы бар, олар биылғы жылдың қаңтар айында 5 жылға сайланған. Бүгінде құрамы толық.

## БОЛАШАҒЫМЫЗ ҮШІН МАҢЫЗДЫ

Мемлекет басшысының кезектен тыс Президент сайлауын өткізу жайлы үндеуі болашағымыз үшін қабылданған маңызды шешім деп ойлаймын. Біздің мемлекетіміз бүгінде әлемдік деңгейдегі өркениетке енген елдермен терезе теңестірді. Білім мен ғылым, мәдениет, денсаулық, жалпы, қоғамның қай саласын алсақ та ілгерілеушілікті байқаймыз. Болашақта да Қазақстанның алар асуы, бағындырар белесі көп екеніне сенемін. Сондықтан әрбір қазақстандық үшін биылғы 9-маусымда өтетін сайлаудың маңызы зор болмақ.

Президент үндеуінде Қазақстан халқын алдағы сайлауға барынша жауапкершілікпен қарауға шақырды. Еліміздің ертеңі халықтың шешіміне тікелей байланысты екенін айтты. Расында да, бұл сайлау – әрбір қазақстандық өз болашағы үшін шешім қабылдайтын, таңдау жасайтын жауапкершілік жүгі ауыр сәт. Ендеше, белгіленген мерзімде сайлауға бір кісідей атсалысқанымыз жөн деп білемін.

**Гүлстан МАҚСҰТОВА,**
**№3 қалалық емхананың бас дәрігері.**

## ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗ – ЕҢ ЖОҒАРЫ ҚҰНДЫЛЫҚ

Қасым-Жомарт Тоқаевтың үндеуі еліміздің болашағы және әрқайсымыз үшін де өте маңызды. Қазақстан Республикасының Конституциясына сәйкес Қазақстан Республикасы Президентінің кезектен тыс сайлауын 2019 жылдың 9 маусымы күні өткізу туралы шешімді Елбасы Н.Ә.Назарбаевпен, Парламенттің қос палатасы спикерлерімен, Премьер-министрмен кеңесіп, Конституциялық кеңестің келісіміне жүгініп, жауапты шешім қабылдағаны туралы баяндай келе, Елбасының арқасында тәуелсіз қуатты ел құрдық деп атап өтті. Әрине, бұл ақиқат.

Бұл тарихи кезеңді біз түсіністікпен қабылдап, өте дұрыс шешім деп санаймыз. Халқымыздың біртұтастығы тәуелсіздігіміздің ең жоғары құндылығы ретінде мемлекетіміздің іргесі мығым. Алдағы сайлау да осыған дәлел болатынына біз сенеміз. Біздің Елбасы салған сара жолымен жүруіміз негізгі міндетіміз. Біз алдағы сайлауға әрқайсысымыз жауапкершілікпен қараймыз.

**Райхан ЫСҚАҚОВА,**
**ҚР Президентінің жанындағы мемлекеттік басқару академиясы республикалық мемлекеттік қазыналық кәсіпорны Қызылорда облысы бойынша филиалы директорының міндетін атқарушы, облыстық мәслихат депутаты.**

## ЕЛДІГІМІЗ БЕН АУЫЗБІРШІЛІГІМІЗДІҢ СЫНАЛАР ТҰСЫ

Бүгін Қасым-Жомарт Тоқаев кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы үндеу жариялады. Бұл еліміз үшін маңызды шешім болды. Себебі, сайлау жаңа реформаларды жедел жүзеге асыру мен тиімді жүргізу үшін аса қажет.

Тұңғыш Президентіміз Н.Назарбаев бұған дейінде мемлекетіміздің экономикасын әртараптандыру жолындағы тиісті міндеттерді айқындап берген болатын. Сол мақсат-міндеттерді кейінгі ұрпақ одан әрі жүзеге асыру керек. Осы орайда, біздің алдымызды өз болашағымыз үшін, тәуелсіз Қазақстанның бірлігі мен берекесі, ел тыныштығы жолында адал еңбек ететін көшбасшымызды таңдау міндеті тұр. Яғни, елдігіміз бен ауызбіршілігіміздің нағыз сыналар тұсы. Бұл сынақтан қалай өтуіміз біздің бірлігіміздің бекемдігіне байланысты.

Сондықтан біз, Қазақстан халқы, бұрынғыдан да берік бірлікте болуымыз керек.

**Нұрсәуле МҰСАЕВА,**
**Тілдерді дамыту орталығының директоры.**

## ТАРИХИ СӘТ БОЛМАҚ

Мемлекет басшысының кезектен тыс Президент сайлауын өткізу туралы үндеуін тыңдадым. Бұл еліміз үшін тарихи маңызды сәт болмақ. Өйткені, біз қазақ елінің мызғымас бірлігі мен тұтастығын қамтамасыз ететін ел Президентін сайлаймыз.

Бұл сайлауға күллі әлем көз тігеді. Сондықтан елдің тұрақтылығын одан әрі бекітіп, әлеуметтік-экономикалық әлеуетімізді арттыруымыз абзал. Барлығы Конституциялық заңға сәйкес жүргізіледі. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев сайлаудың әділ, ашық түрде өтетініне кепілдік беретінін айтты. Бұл барлығымызға сенім ұялатты. Осы ретте мұндай ауқымды да маңызды саяси шараға ел тұрғындары немқұрайлы қарамауы тиіс. Өзінің азаматтық көзқарасын білдіріп, сайлауға қатысуы шарт деп білемін.

**Әділ ӘЛІҚҰЛОВ,**
**“Ашық Азаматтық қоғам АРО” қоғамдық қорының президенті.**




**ҚР Тұңғыш Президенті – Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты бағдарламалық мақаласының екі жылдығына орай «Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен «Архив-2025» бағдарламасы аясында Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханада «Көне дәуір әдеби жәдігерлері» атты кітап көрмесі өтті.**

**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.**

## КІТАП ҒҰМЫРЫ МӘҢГІЛІК



Ұлттық бірегейлікті, ұлттық кодты сақтау мақсатында күллі түркі дүниесіне ортақ әдеби жәдігерлерді көпшілікке таныстырып, жастарға кітап оқуды насихаттаған бұл шараның тағылымы зор.

Көрмеде облыстық кітапхананың сирек кітаптары мен қолжазбалары, шетел архивтері мен кітапханаларынан әкелінген әдеби құнды мұралар таныстырылды. Мұнда түпнұсқа қолжазбалар: ислам діні жайлы түрік-парсы тілінде жарық көрген «Мектеп ілім кітабы», парсы тілінде жазылған, жылы белгісіз «Пайғамбарлар тарихы туралы діни өлеңдер» кітабы, һижра күнтізбесі бойынша 1328 жылы Санд –аш – Шарифтің араб тіліндегі «Әр – Риссада Әз Шарифафи әдап ул-Муназара» екітомдық діни кітабы, сондай-ақ 1293 жылы арабша жазылған «Құран Кәрім» кітабы және өзге де көне әдеби жәдігерлермен көпшілік таныс болды.

– Бүгін «Рухани жаңғыру» орталығымен бірлесіп сирек кездесетін кітаптар көрмесін ұйымдастырудамыз. Кітапхананың сирек кітаптар қоры 2003 жылы құрылған. Ол кезде 240-тай кітап болса, қазір 606 данаға жетті. Оның ішінде мақтанышпен айта алатын 11 қолжазбамыз бар. Кітаптарымыздың дені – діни кітаптар. Сондай-ақ, 13 латын қарпінде жазылған дүниелер бар. Олардың қатарында 1933 жылы жарық көрген Абай Құнанбаевтың екітомдық шығармаларының толық жинағы, Сұлтанмахмұт Торайғырұлының «Толық шығармалар» жинағы бар, – дейді кітапхананың негізгі қорларды сақтау бөлімінің меңгерушісі Гүлдерайым Қосназарова.

Құнды дүниелерді насихаттаған көрме мұнан әрі дөңгелек үстел басында пікір алмасумен жалғасты. Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетініңғалымдары,оқырмандар, студент-жастар қатысқан басқосуды «Рухани жаңғыру» орталығының маманы, белгілі айтыскер-ақын Мұхтар Ниязов жүргізді. «Болашақта интернетте отырғандарды кітап оқығандар басқарады» деген Елбасының сөзін жастарға үлгі еткен ақын қанша уақыт өтсе де, кітап ғұмыры мәңгілік екенін бір ауыз сөзбен ұғындырды.

Университет ғалымдары Дастан Сәтбай, Болат Боранбай жастардың кітаптан алыстап бара жатқанын, кітап оқымау рухани аздыратынын түсіндірді. Интернетке тәуелді болу, қымбат уақытты жалт-жұлт еткен арзан ақпараттармен танысуға жұмсау – қоғамның өзекті мәселесі. Бұл тақырыпта аға буын мен кейінгі толқын арасындағы пікір қайшылығы сезіледі. Аға буын жастардың рухани құндылықтардан ажырап қалмаса екен деген алаңдаушылығын білдірсе, жастар барлық білім интернетте деп ұғады. Сонымен қатар өздерінің мотивациялық кітаптардың оқырманы екендігін де ашық айтты. Кездесуде үлкендер тарапынан кітап оқу рухани кемелдікке жеткізетіні насихатталды.

Мазмұнды ой, дұрыс бағыт берген бұл пікір алмасу жастарға ой салды.

## МҰҒАЛІМДЕР ҮЗДІК ИДЕЯЛАРЫН ЖАРИЯ ЕТТІ

**Білім саласындағы трендтер мен технология дәуірінде табысты мұғалімнің бейнесі қандай болуы керек? Әрине, қай салаға да қолбайлау болар қағазбастылықтан құтылудың жолы – инновацияны игеру. Мұны «Табысты мұғалім академиясы» облыстық байқауына қатысушы педагогтар дәлелдеп, үздік идеяларын жария етті.**

**Айдана ЖҰМАДИНОВА.**

Бұл – облыста алғаш рет өткен педагогикалық озық идеялар байқауы. «Рухани жаңғыру» орталығы мен «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығының Қызылорда филиалы ұйымдастырған сайысқа 60 мұғалім қатысты. Ал аудандық, қалалық, облыстық кезеңнен тұратын байқаудың финалына тек 7 мұғалім жолдама алған.

– Жаңартылған білім беру мазмұнына сәйкес, мектептерде үлкен өзгерістер болып жатыр. Жаңашылдық аясында мұғалімдер өз тәжірибелерін жарыққа шығаруға мүмкіндік алды. Байқауда қалалық қана емес, ауыл мұғалімдері де IT технологияны тиімді қолданып жүргенін байқадық. Назарбаев зияткерлік мектептерінің оқыту жүйесін басқа мектептерге таратқанда осындай жетістіктер күткен болатынбыз. Енді озық тәжірибелерді анықтай отырып, оларды «Телегалерея» бағдарламасы арқылы тарататын боламыз, – деді «Назарбаев зияткерлік мектептері» ДББҰ Педагогикалық шеберлік орталығы қалалық филиалының директоры София Камалова.

Айта кету керек, аталған орталық 2013 жылдан бастап біліктілік арттыру курстарын жүргізіп, оған аймақтағы 7000-ға жуық мұғалім қатысқан болатын.

«Табысты мұғалім академиясында» оқытушылар заманауи сабақ үлгісі, критериалды бағалау әдісімен бөлісіп, Ted форматында ұлттық құндылықтарды сабақ жоспарына енгізу идеяларын жария етті. Мәреге жеткен жеті оқытушының ішінде Жалағаш ауданындағы №123 мектептің оқытушысы Айкерім Ысқакова бірінші орын иеленіп, барлық жеңімпаздар марапатталды.

## МАМАНДАРҒА ЖАҢА ЕМЛЕ

**Қорқыт ата атындағы ҚМУ-да ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің Ш.Шаяхметов атындағы “Тіл-қазына” ұлттық ғылыми-практикалық орталығының бастамасымен “Жаңа емле: құрамы мен мазмұны” атты республикалық шара өтті. Онда латын негізді қазақ жазуын меңгертетін Тіл оқыту орталықтарының оқытушыларына арналған дәрістер ұйымдастырылды.**

**Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.**

Семинардың мақсаты – латыннегізді қазақ әліпбиі мен емле ережелерінің құрылымын, емле нормаларының ғылыми негіздерін ересек аудиторияға оқыта, түсіндіре алатын білікті тренерлер дайындау. Шараға орталық директорының міндетін атқарушы Ербол Тілешов бастаған мамандар, өңірдегі филологтар, оқу орталықтарының оқытушылары мен әдіскерлері, мекеме қызметкерлері және студенттер қатысты.

– Емле ережесі былтыр елге таныстырылды. Содан бері орталық мамандары оны әрі қарай жалғастырып, тереңнен меңгерту жолында барлық аймақтарда жұмыс жасауда. Әліпби тек лингвистикалық мәселе емес, қоғамдық әлеуметтік мәселе. Оның айналасында түрлі сұрақтар бар. Бүгінгі семинарда сол сұрақтарға жауап бере отырып, емленің ережесіне, таңбалаудағы өзгерістерге тоқталамыз, – деді Ербол Ердембекұлы.

Екі күн бойы өткен дәрісседе семинарда қазақ әліпбиінің тарихы, графикасы мен құрамы, әріп-фонема арақатынасы, қазіргі айтылым және жазылым нормалары туралы айтылды. Дәріске қатысқан мамандар алған білімдерін алдағы уақытта тәжірибеде қолданатын болады.



BAIQAÝ

## «ҮЗДІК МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІ»



Мемлекеттік қызмет мінсіздікті талап етеді. Бұл орайда мемлекеттік қызметшілер білімді де білікті болу жолында аянып қалмауда. Абыройлы қызмет атқарып, халықтың әл-ауқатын жақсартуға күш салып келеді. Қоғамдық шараларда белсенділік танытып, әрдайым үздіктер қатарынан табылуға тырысады. Жыл сайын дәстүрлі түрде ұйымдастырылатын «ҚР үздік мемлекеттік қызметшісі» байқауында қалтқысыз қызмет көрсетуге талпынғандар сайысқа түседі. Биыл да тартысты байқау жалғасын таппақ. ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Қызылорда облысы бойынша департаменті сайыстың облыстық кезеңіне өтініштер қабылдана бастағанын хабарлауда.

Ұйымдастырушылардың айтуынша, қатысушылардың кәсібилігі мен жауапкершілігі, қызметіне адалдығы секілді қасиеттерінен бөлек, шығармашылығы сынға алынады. Жеңімпаз «ҚР үздік мемлекеттік қызметшісі» төсбелгісімен марапатталып, республикалық «Жас мемлекеттік қызметшілер» форумына қатысуға жолдама алады. Айта кетейік, конкурсқа әкімшілік және тәртіптік жазасы жоқ, мемлекеттік қызметте өтілі бір жылдан кем емес кез келген мемлекеттік қызметші қатыса алады. Байқау құжаттары 4 мамырдан кешіктірілмей, департаментке ұсынылуы тиіс. Қосымша ақпараттарды kyzmet.gov.kz сайтынан немесе 87242705626 нөмірі арқылы білуге болады.

**М.СНАДИНҚЫЗЫ.**

# АУЫЛ БАЛАСЫНАН ҰЛТ КӨШБАСШЫСЫНА ДЕЙІНГІ ЖОЛ




## Рақым нұры тұнған жер

Біз барған кезде де музей гидтері келушілердің бірнеше тобына қызмет көрсетіп, таныстырылым жасап жүрді. Мектеп оқушыларының сапына қосылып, әр экспонаттың сырына қанықтық. Бірінші зал «Елбасы жолы» деп аталыпты. Бұл бөлімде Елбасының ауыл баласынан бастап, Ұлт көшбасшысына айналуына дейінгі өмір жолы архив құжаттары, фото-бейнематериалдар, музейлік экспонаттар арқылы баяндалады.

Адам кіндік қаны тамған жері, ұшқан ұясы, балалық шағы туралы естеліктерді жүрек түкпіріне асыл қазына сынды аялап сақтайды. Елбасы өзінің атамекені – Алатаудың қойнауындағы Үшқоңырдың сұлу табиғатын, әкесінің ізі қалған жайлауды, гүр-гүр тасыған Қасқасуды жырға қосқанын білеміз. «Үшқоңыр» деген сөзі мен сазы үйлескен әдемі ән бар емес пе? «Президенттің ата-анасы» деген гобеленде көрініс тапқан табиғаттың сұлулығы осы екен ғой! «Үшқоңыр» әнінің «Шыңдарың Төле бидің қалпағындай, Жазира жасыл әлем алқабынды-ай, Жуасы, қарақаты, бүлдіргені, Әжемнің шекер қосқан талқанындай» деп келетін жолдары тура суреттеліпті.









Әрі қарай жаңға жақын, шынайы ақ-қара суреттер сыр шертті. 16-17-дегі балаң жігіт Нұрсұлтан ата-анасымен, сыныптас достарымен, «Жас натуралистер» үйірмесіне қатысқан қатарластарымен бірге түскен. Көрмені қызықтаушы оқушылар әлдебір экспонаттың қасына шоғырланып қалды. «Кластан класқа көшіру куәлігі» деген құжат екен. Кәдімгі үлгерім табельдері. Ол Назарбаев Нұрсұлтанның Алматы облысы, Қаскелең ауданы, Шамалған ауылындағы орта мектептің 6 және 7-кластарын бірыңғай бестікпен аяқтағанын айғақтап тұр. Ал 10-сыныпты бітіргені туралы құжатта тек «Орыс әдебиетінен» төрттік баға алып, қалған пәндерді үздік игергені жазылған.

Оқушылар осы жерде ұзақтау аялдап, суретке түсіп жатты. Сирек құжаттар мен экспонаттардан рухани күш алған Қызылорда жастарының арасынан болашақта Нұрсұлтан Әбішұлы сынды қайраткер тұлға шығатын шығар. Менің есіме көрменің ашылу салтанатындағы облыс әкімі Қырымбек Көшербаевтың сөзі түсті. Аймақ басшысы «қазақтың Қалтайының», Қалтай Мұхамеджановтың «Нұрсұлтан Әбішұлын басқалардан биік көрсететін үш қасиеті бар. Бірінші – ол қаршадайынан жердің демін, нанның дәмін, тердің иісін сезіп, өзі де солардың қатарында өскен. Екінші қасиеті – қараша үйдің көсеуінен бастап, алып зауыттың күрегіне дейін қолынан өткізген еңбек адамы. Үшіншіден, халқының рухани мол мұрасын, аңызынан бастап бүгінгі келбетіне дейін ана тілінде бойына сіңірсе, орыс әдебиеті арқылы әлемдік әдебиеттің үздік үлгілерін өз әдебиетіндей таныған, оқыған, тоқыған адам» деген сөзін мысалға келтірген еді. Әсілінде, жігітті намысы қамшыласа, алмас асуы болмайды.

Адамның мектеп жасындағы балдәурені белі бүгілгенше ұмытылмайды. «Виньетка» деп аталатын суреттерді ақтарғанда білім берген ұстаздар мен құлын-тайдай құлдырандап бірге жүгірген достар көз алдыңа келеді. Жарты ғасырдан астам уақыт бұрын түсірілген Елбасының виньеткасы да сол дәуір адамдары туралы ақпарат береді. Ортада жақында ғана 100-ден асып дүниеден озған Нұрсұлтан Әбішұлының ұстазы Сейітхан Исаев.

Елбасының елімізде металлургия комбинатын салу туралы шешім қабылданған кезеңде Украинаның Днепродзержинск қаласына аттанып, сол жақтағы КТУ-да білім алды. Училищеде бірге оқыған достардың суреті, оқу орнындағы қоғамдық жұмыстарға белсенді қатысқаны үшін берілген мадақтамалар да көрмеде тұр. Кейін бұл қорға жастық шақтың қаласынан арнайы жіберілген «Днепродзержинскке сіңірген еңбегі үшін» деген естелік белгі, басқа да кәдесыйлар қосылған. Ұсынылған экспонаттар келушілерді Елбасының Теміртау қаласындағы металлургия зауытында жұмыс істеген кезеңімен таныстырады. Фотоқұжаттар, күнделік дәптер, құттықтау телеграммалары, СОКП XXVI съезіне Қарағанды облысынан сайланғаны туралы куәлік, президенттікке кандидат ретіндегі сайлауалды бағдарламасы, халық алдында берген анты, тұңғыш Конституция, Қазақстан-2030, 2050 стратегиялық бағдарламалары, кітаптары Н.Назарбаевтың саяси қызметінің әр сәттерін көрсетеді.



## Ел тағдырын өзгерткен шешімдер

Екінші бөлім «Елбасы феномені» деген атауға ие. Тоқсаныншы жылдардың бірінші жартысы жас Тәуелсіз мемлекеттің іргесі қаланған қиын да күрделі кезең болып тарихта таңбаланды. Осы уақыт – коммунистік жүйеден демократияға, нарықтық экономикаға өту мақсатында жасалған жүйелі реформалардың кезеңі еді.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы қадамдарының бірі – Семей ядролық полигонын жабу. Бұл – еліміздің алдағы даму стратегиясын айқындаған, ядролық қарусыз әлем тұжырымдамасының негізін қалаған шешім болды. Егемендіктің елең-алаңдағы тағдыршешті шақта ядролық қарусыз, демократиялық ел болуға талпынған тарихи таңдаудың дұрыстығын уақыт дәлелдеп берді.

Семей ядролық полигонын жабу туралы Жарлықтың музей экспонаттарының қатарынан орын алуы тегін емес. Бас-аяғы 400-ден астам сынақ барысында Семей жеріндегі тіршіліктің тепе-теңдігі бұзылды. Адам денсаулығы, табиғат орасан зор зиян шекті. Музейдегі жартылай өртенген, ақ шүберек байланған қу ағаш сол Семей полигонының зардабын тартқандардың жанайқайы іспетті.

Осы залға Елбасына Ұлыбритания патшайымы II Елизавета ядролық қарусыздану ісіне сіңірген еңбегін тану белгісі ретінде тапсырған «Әулие Михаил мен Әулие Георгий Орденінің Үлкен Кресі» қойылған. Жапония – атом қаруынан зардап шеккен Қазақстанмен тағдырлас ел. Сондықтан ядролық қарусыздану идеясының бастамашысы Н.Назарбаевты Жапонияның ең жоғары марапаты «Үлкен таспадағы хризантема» орденімен марапаттаған. Тек император мен король, ақсүйектер әулетінен шыққан жапондықтар мен шетелдіктер, мемлекеттік, халықаралық ғылыми-зерттеушілік, қоғамдық және қайырымдылық қызметтегі жоғары жетістіктері, ғаламшардағы бейбітшілік пен келісімді қамтамасыз етуге қосқан үлесі үшін шетелдік мемлекеттер басшыларына берілетін орденді бүгінде қызылордалықтар да тамашалауға мүмкіндік алды.

Бұл жерде алғашқы қазақстандықтың ғарышқа ұшуы, ғарыштан оралған қазақ жерінің топырағы салынған құты, ұлттық валютаның енгізілуі, Қазақстан халқы ассамблеясының құрылуы сынды құжаттар сақталған. Отыз жылға жуық аралықта біздің еліміз аймақтық және жаһандық тұрақтылық пен қауіпсіздік бастамаларын көтерген мемлекет ретінде танылды. Танылып қана қоймай халықаралық процестердің қатысушысына айналды. Көрмені аралау барысында Елбасы феноменін көрсететін идеялар мен бастамалардың – ел астанасының ауысуын, Елордада әлемдік және дәстүрлі діндер съездерінің өтуін, тағы басқа тарихи шешімдердің бір сәтте қабылданбағанына көз жеткізесіз.

Халық арасында кеңінен танылған Жұмекен Нәжімеденов пен Шәмші Қалдаяқовтың әні «Менің Қазақстанымның» еліміздің мемлекеттік гимні болып қабылдануы да тарихи сәт еді. Тұңғыш Президент бастама көтеріп, ән анағұрлым салтанатты шырқалуы үшін бастапқы мәтінін өңдеді. Сол өңделген нұсқа да музей экспонаттарының қатарынан орын алған.

## Мойындау және құрмет

Көрменің ең «қымбат» залына өттік. «Қымбат» деуіміздің себебі бар. Мұнда Елбасына әлем елдерінің лидерлері тапсырған марапаттар орналасқан. Қазақстанның халықаралық аренадағы ынтымақтастық пен татулыққа негізделген саясатына алпауыт мемлекеттер өздерінің ең жоғары наградаларын беру арқылы құрмет көрсеткен. Әр награданың негізінде алдымен Елбасының ерен еңбегі, ұлтаралық қарым-қатынасты реттеудегі жетістіктері тұр. Жоғарыда Н.Назарбаевтың атом қаруын жоюға сіңірген еңбегіне берілген екі орден туралы айтқан едік. Бұл залдағы наградаларға да зейін қойдық.

Италия 1997 жылы Елбасын «Италия Республикасына сіңірген еңбегі үшін» орденінің «Үлкен Таспамен безендірілген Үлкен Крест Кавалері» орденімен марапаттаған. Украина екі ел арасындағы достық пен ынтымақтастықты дамытуға қосқан аса зор үлесі үшін I дәрежелі «Князь Ярослав Мудрый», Ресей «Әулие апостол Андрей Первозванный», бауырлас Өзбекстан «Буюк хизматлари учун» («Аса көрнекті еңбегі үшін») ордендерін тапсырған.

Залды аралау барысында Н.Назарбаев «Румыния жұлдызы» Үлкен кресі, «Австрия Республикасына сіңірген еңбегі үшін Үлкен Құрмет Жұлдыз», Литва Республикасының I дәрежелі «Ұлы Витаутас», Тәжікстанның «Исмоили Сомони», Грекияның «Құтқарушы ордені Үлкен кресі», Хорватияның «Король Томислав» ордендерінің кавалері екенін білдік.

Елбасы марапатталған ордендердің біршамасының тарихына, түпнегізіне, кімдерге лайықталғанына үңіліп көрелік. Ватиканның «Пий Ордені» – Папаның Рим Понтификі мейірбандығының айрықша белгісі ретінде халықтардың жоғары билеушілері мен өте жоғары мәртебе иелеріне тапсыратын жоғары марапаты. Бұл жоғары марапатты тек 15 адам алған.

Польшаның «Ақ Қыран Орденін» поляк королі II Август 1705 жылы 1 қарашада белгілеген. Орденмен монархтар, ерекше еңбектерін тану белгісі ретінде шетел мемлекеттері мен үкіметтерінің басшылары, сондай-ақ, саясат, ғылым, мәдениет пен өнер саласында Польша Республикасына сіңірген еңбегі үшін поляктар марапатталады.

Сауд Арабиясы Корольдігінің «Ұлы Бадр Алқасы» орденін король Фейсал Бен Әбдел Әзиз белгілеген. Сауд Арабиясы Королінің ерекшелік белгісі болып саналады. Таққа отырған кезде, ант қабылдағанда және король деп жарияланар сәтінде «Әбдел Әзиз Корольдің Алқасымен» бірге тағылады. Н.Назарбаев – ТМД-ға мүше мемлекеттер басшылары арасында осындай аса жоғары марапатқа ие болған тұңғыш жетекші.

Бельгия Корольдігінің «Леопольд Ордені Үлкен кресі» марапатының да тарихы тым тереңде. Орденнің азаматтық, әскери және теңіздік деп аталатын үш дәрежесі бар және үлкен таспа, командор, офицер, кавалер және аға офицер деп аталатын бес деңгейден тұрады.

Францияның «Құрметті легионның Үлкен кресі» орденін Наполеон Бонапарт «әскери істердегі батылдығы және азаматтық қызметтегі айрықша дарыны үшін» берілетін жоғары марапат ретінде тағайындады. Бұл орденмен марапаттаудың ең бірінші рәсімі 1805 жылғы 15 шілдеде өтті, Наполеон онымен Ардагерлер сарайы капелласында өз маршалдарын, ардагерлерді, сарбаздарды, ғалымдарды, жазушылар мен өнер қайраткерлерін марапаттады.

Ерекше аталуымен қызықтырған Люксембургтің «Емен тәжі», Корея Республикасының «Мәңгі гүлдейтін раушан», Финляндияның «Ақ Раушан Үлкен Командорлық Кресі» ордендері де Елбасына деген құрмет пен мойындаудың белгісіндей.

Көрмедегі тағы бір құнды коллекция – «Естелік қолтаңба» тақырыптық кітаптар топтамасы. Кітаптағы қолтаңба – тарихи дереккөздің ерекше түрі. Сыйға беру туралы жазудан адамдардың жеке және қоғамдық байланыстарын түсінуге болады. Оған қоса бір оқиға немесе тарихи дәуір жайында ақпарат аламыз. Шетелдік саяси және қоғам қайраткерлері сыйға тартқан кітаптардың арасында М.Мохамадтың, Ли Куан Юдің, М.Горбачевтің, А.Собчактың, Б.Ельциннің, Си Цзиньпиннің, Дж.Буштың, С.Демирельдің, М.Тэтчердің қаламынан шыққан туындылар бар.

Музей қызметкерлері мектептерден, жоғары және арнаулы оқу орындарынан, еңбек ұжымдарынан келген экскурсиялық топтарды белгіленген уақыт бойынша қабылдап, көрмені аралатуда. Әр залдағы интерактивті ақпараттық ресурстарда еліміздің тарихи деректік хроникасы Елбасының қызметі арқылы көрсетіледі. Бұл әдіс, әсіресе, жастарды қызықтыруда.

Жылжымалы көрме Тәуелсіз Қазақстан тарихының жылнамасы сияқты. Халықтың азаттық жолындағы аңсар-арманы мен мақсат-мұраты осы жерден орын алған әр жәдігерден байқалады. Оларды көзбен көріп, қолмен ұстау арқылы Тәуелсіз Қазақстан тарихының бір бөлшегі екеніңді сезінесің. Сезінесің де, кеудеңді мақтаныш сезімі кернейді.

Суреттерді түсірген
**Нұрболат НҰРЖАУБАЙ,**
**Бағдат ЕСЖАНОВ.**



1-бет.

# ЖАСАМПАЗДЫҚ МҰРАТЫ

**Назарбаев зияткерлік мектебінде Елбасы кітапханасының қызметкерлері «Елбасы Н.Ә.Назарбаев: өмірбаян және жасампаз идеялар» тақырыбында семинар-тренинг өткізді.**

**Шынар БЕКБАН.**

Семинар қатысушыларын «Елбасытану» элективті курсымен және ғылыми-білім беру қызметінің басты бағыттарымен Елбасы кітапханасы ғылыми-қолданбалы зерттеулер қызметінің жетекші ғылыми қызметкерлері Ләйла Омарова мен Әсия Оспанова таныстырды.

– Бүгінгі сабақ барысында Елбасы өміріндегі қызықты оқиғалар туралы айтылатын болады. Қазақ тарихында егеменді елді қалыптастыруда еңбегі зор Нұрсұлтан Әбішұлының есімі тек еліміздің ғана емес, әлемге белгілі айтулы тұлғалар қатарында аталады. Осындай тұлға туралы мәліметтер бүгінгі тренингте оқушыларға айтылды, – деді Л.Омарова.

Дәріс барысында тыңдаушылар назарына Елбасының туған жері, білім алған, еңбек атқарған өлкелерінде жүргізілген ғылыми-іздестіру жұмыстары нәтижесінде табылған маңызды материалдар ұсынылды. Тұңғыш Президент Нұрсұлтан Назарбаевтың оқушы шағында, 16 жасында алғашқы наградасын «жас натуралистер» ұйымының мүшесі ретінде Мәскеу қаласында иеленуі, 1985 жылы қытайлық жас мұғалім Чжоу Бай Сяомен хат жазысып, достасуы, Кеңестер Одағының озат жастарымен бірге съездер мен фестивальдарға қатысуы, әлемнің тұңғыш ғарышкері Юрий Гагаринмен бірнеше рет кездесуі, космонавт Валерий Быковскийдің қолынан ғарышта болған комсомол төсбелгісін алуы, бокс, күрес сынды спорт түрлерімен айналысуы сынды мәліметтер оқушылардың қызығушылығын туғызды.

Семинардың қолданбалы бөлімінде Елбасы кітапханасының жетекші ғылыми қызметкері Әсия Оспанова жастар бойына лидерлік қасиеттерді дамытуға бағытталған тренинг сабағын өткізді.

Семинар соңында Назарбаев зияткерлік мектебінің оқушыларына сертификаттар мен «Біздің Президент» кітабы табыс етілді.





KÁSIP PEN NÁSIP

# ҮЙДЕН АШҚАН БИЗНЕСТІҢ ТИІМДІ ЖАҒЫ КӨП

**Бүгінгі күн «Үкімет өзі асырайды» деп, өз жайынды біреу күйттейтіндей қол қусырып отыратын заман емес. Аштан өліп, көштен қалғың келмесе, тірлік қылмай болмайды. Осындай мақсатта адамдар өз кәсібін ашу туралы ойға келіп, оны жүзеге асырып жатады. Солардың арасында шағын бизнесін өз үйінде ашып, отбасына табыс кіргізіп жатқандар жетерлік.**

**Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ.**



Үйдегі бизнеспен ер адамдар да, әйел адамдар да айналыса береді. Ер адамдар құрылыс материалдарын, ағаш өнімдерін, қолөнер бұйымдарын шығаратын шағын өндірістер мен цехтар және шеберханалар ұйымдастырса, әйелдер тігіншілік, кондитерлік және басқа да сан алуан жұмыстарды игеріп жатыр. Сонымен қатар, үйінде отырып компьютермен түрлі тапсырыстар орындайтын программистер мен веб-мастерлер де бар. Адамның еңбекке деген ынтасы болса кедергіні жеңу аса қиын емес. Алдына мақсат қойып, кездескен небір қиындықтарды жеңе біліп, отбасында бизнесін жолға қойған мүмкіндігі шектеулі жандарды барлық ауданнан кездестіре аласыз.

Бизнесті үйде ашудың өзіндік біраз артықшылықтары бар екен. Мәселен, жұмысқа жиналып және жетіп үлгеруім керек деп жаныкпайсыз, күнделікті жолақы жұмсамайсыз. Кәсібіңді жүргізетін басқа орын іздеп, оны жалға алу үшін шығынданудың қажеті жоқ. Бір апта бойы демалыссыз жұмыс істеп, келесі жетіде демалуға бір жерге барып қайтуға болады. Балалар әрқашан қарауыңызда. Егер олар балабақшаға барса, оларды алып кетуге уақыт табасыз. Жалпы бұл бизнес көптеген дамыған елдерге тән құбылыс. «Nur Otan» партиясының XVIII съезінде де Елбасы Үкіметке елдегі көпбалалы отбасылар үшін үйде отырып табыс табуға жағдай жасауды тапсырды.

Бірақ, ең бастысы қолға алған ісіңіз қандай да бір елеусіз кәсіп саналсын, табысы айтарлықтай көп болмай-ақ қойсын, бұл жағдай ешкімді де кәсіпкерлік ретінде тіркелу жауапкершілігінен босатпайтынын естен шығармаған абзал.

– Үйінде кәсіп бастау үшін бірінші өзің білетін жұмысты қолға алған жөн. Екіншіден, алдыңа мақсат қойғаннан кейін кездескен қиындықтардан қорықпай алға баса беру керек, – дейді осы орайда айдарлылық белгілі шебер Роза Әлбатырова.

Кәсіпкер әйел сондай-ақ бизнес туралы семинарларға қатысудың пайдасы мол екенін айтты. Кәсібінді алға бастыруға мұндай сабақтардың берері көп екен.

Кәсіпкерлер палатасының мамандары айтуынша, «Бизнестің жол картасы-2020» грантын алу үшін «Бизнес-Кеңесші» жобасы бойынша курстан өтіп, сертификат алу міндетті шарт болып табылады. «Бизнес-Кеңесші» жобасы өзіңіздің жеке бизнесіңізді қалай ашу немесе құрылған компанияның жұмысын қалай оңтайландыру керектігін айқындайды. Оқу барысында қатысушылар жеке бизнесін ашуға қажетті маркетинг, адам ресурстарын басқару, бизнесті жүргізудің құқықтық негіздері, қаржылар туралы білімді меңгереді. Оқу ақысыз және ұзақтығы 2 күн. Ал сол екі күн уақыт табуға қиналатын жандар «Атамекен Сервисэс» интернет-порталы арқылы үйден шықпай-ақ сертификат алуға мүмкіндігі бар. Бұл жаңашылдық пайдаланушыға өте ыңғайлы. Кез келген уақытта электронды түрде дәріс алып, емтихан тапсыра алады. Сондай-ақ, сертификат та электронды поштаға жолданады.

Мұндай оқыту жүйесі биылдан бастау алды. Дәстүрлі түрде оқыту үрдісі екі күнге жалғасса, онлайн түрде оқу қатысушының қалауына байланысты. Онлайн түрде өтінім қалдыру үшін, «Атамекен Сервисэс» порталына кіріп, өздігінен оқу жүйесін таңдау қажет. Курстан өткен соң қаржылық емес қолдау операторы, тестілеудің қайда, қашан өтетінін анықтайды. Қорытындысы 70%-тен жоғары болған жағдайда «Бизнес-Кеңесші» бағдарламасын оқыды деген сертификат электронды түрде табысталады. Бұл сертификаттың мемлекеттік бағдарламалар аясында қаржылық қолдау алуға септігі мол.

QAZAQSTAN-2030

# ҚЫТАЙ НАРЫҒЫНА ШЫҒУ МҮМКІНДІГІ АРТАДЫ

Ақпарат көздерінен мәлім болғандай, жуырда Қазақстан мен Қытай арасында экономикалық әріптестіктің жаңа көкжиегі ашылады. Соның бір дәлелі ретінде шекаралас аумақта бой көтерген «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы арнайы экономикалық аймағының құрылғанынан көпшілік хабардар.

Алғаш «Қорғас» ШЫХО-ын құру туралы идея 2002 жылы Елбасының Қытай Халық Республикасына ресми сапары кезінде қолға алынды. Содан бері бұл жобаның екі елге тигізер пайдасы көл-көсір екені айқындалып, тез арада инвесторлар тартылды. Қазір экономикалық аймақта ірі сауда үйлері бой көтеріп, отандық кәсіпкерлерге мол мүмкіндік жасалды. Демек, отандық кәсіпкерлердің ісін дөңгелетіп әкетуге қолайлы орта қалыптасып келеді. Бұл кәдімгі Ұлы Жібек жолының бүгінгі бейнесі. Бүгінде теміржол арқылы тасымалдайтын 900 млн тонналық контейнердің 10 проценті біздің аумақтан өтіп жатса, мұның өзі тиімді. Екіншіден, Қытай тарапының еліміздің азық-түлік өнімдеріне, атап айтқанда, май, ұн, көкөніс, жеміс-жидекке деген сұранысы өте жоғары. Олар кең алқапта піскен табиғи, таза өнім тұтынуға ден қойып келеді. Қытайлықтар үшін «Қазақстанда жасалған өнім» бренд болып саналады. Тіпті, 2025 жылға дейін 50 мың халық тұратын қала бой көтерген кезде экономикалық әлеуеттің дамуына серпін беретін нағыз сауда-саттық орталығына айналатынын атап өту ләзім. Ал 2020 жылға қарай орталықтан өтетін адамдар саны 8 миллионға дейін жетеді.

Қазірдің өзінде сауда-саттық алаңынан орын алып, өз үлесін салып жатқан инвесторлар жобаларын мақұлдатып, іске кірісіп кеткен. Ертең гүлденетін қалаға, бүгін қор салмаса, кеш болатынын кәсіпкерлер де біледі.

Алдағы мамыр айында отандық кәсіпкерлер үшін тағы бір мүмкіндік тумақшы. Қорғастағы сауда орталығында өтетін Қазақстан-Қытай жәрмеңкесінің нәтижесінде табыс әкелетін екіжақты келісім-шарттарға қол қойылады деп күтілуде. «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының бастамасы бойынша «Қуан-Шыңғыс» инвестициялық компаниясы жүзеге асыратын жәрмеңке еліміздің кәсіпкерлеріне жол ашады. Мәселен, жоспары 2016 жылы бекітіліп, құрылыс жұмыстары 2017 жылы басталып, былтыр аяқталған аумағы 6500 шаршы метрді құрайтын «QazLumiere» заманауи сауда орталығына 1,5 млрд теңге көлемінде инвестиция жұмсалған. Гипермаркеттің ресми ашылуы 2019 жылғы 1 мамырға жоспарланған. Орталықтың бірінші жалға алушылары қатарында Грузия (арақ-шарап өнімі), Украина (былғары өнімдері), ҚХР (косметика) кәсіпкерлері бар. Жәрмеңке жаңа жұмыс орындарын ашып, халықтың әлеуметтік-тұрмыстық жағдайының жақсаруына және өндіріс пен қызмет көрсету салаларының дамуына серпін береді. Ол үшін Қазақстанда өндірілетін тауарлар сататын 300-ден астам кәсіпкердің басын біріктіретін қауымдастықпен арнайы келісім-шарт жасалған. Мұнда 1-15 мамыр күндері халықаралық жәрмеңке өтеді. Онда өндірісшілерге өз тауарын Қытай нарығына енгізу жолдарын түсіндіретін арнайы семинар-тренингтер де ұйымдастырылады. Одан бөлек, кәсіпкерлердің қытайлық әріптестермен келіссөз өткізіп, өзара серіктестік қарымқатынас орнатуына да жағдай жасалады.

Жәрмеңкеге қатысып, өнімін ұсынушыларға көлемі үлкен 40-тан астам сауда бутиктері тегін беріледі. Тіпті, келешекте мұнда сауда жасауға ниет білдіріп жатса, оны жалға алуына болады. Ал жаңа сауда орталығының «Қорғас» ШЫХО-ның қазақстандық бөлігінде орналасуы отандық бизнеске арнайы салықтық режимге сәйкес, салық төлемдерін жасамай кәсіпкерлік қызметті жүргізуге мүмкіндік бар. Қазірдің өзінде отандық кәсіпкерлерді құлағдар ету үшін 200-ден астам ұсыныс хат жолданды.

«Қорғас» шекара маңы халықаралық орталығы бес жылдан кейін көрікті қалаға айналады. Ал 2020 жылға қарай мұнда жылына 5,5 миллион тонна жүк тасымалданады деп болжанған. Қазір мұнда келем деушілердің саны 1,7 есеге көп. 2016 жылы «Қорғас» ШЫХО-ға 671 мың адам келсе, 2018 жылы бұл көрсеткіш 1,5 млн адамға жеткен.

**Ж.ӘЛМАХАН.**

ÓRKEN

# ҚАЗАЛЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАРҚЫНДЫ

**Халықтың тұрмыс-тіршілігінің деңгейін салынған құрылыс нысандарынан аңғару қиынға соқпайды. Бүгінде Қазалы ауданында бұл бағытта атқарылған шаруалар ауыз толтырып айтарлықтай. Аудан орталығы Әйтеке би кентінің ауқымы ұлғайып, көріктене түскен. Кең көшелер, сәулетті нысандар, әсем үйлер кенттің көрікті мекенге айналарын дәлелдеп тұрғандай.**

**Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.**



Бұл аталған салаға мемлекет тарапынан жасалған жанашыр көзқарас, қазынадан бөлінген қомақты қаржы, аудан тізгінін ұстаған азаматтардың ұйымдастыру шараларының жемісі, құрылысшы қауымның төгілген терінің өтеуі екені анық.

Бір сәт нақты дерекке жүгінсек. 2018 жылы құрылыс жұмыстарының көлемі 11 млрд 516 млн теңгені құрап, көрсеткіш 153 процентке жеткен. Жұмысы жүргізілген 25 нысанның 19-ы пайдалануға беріліпті. Олардың қатарында, Әйтеке би кентіндегі 300 орындық мектеп, Жанқожа батыр ауылындағы спорт кешені бар. Оған қоса, «Қарлан» учаскесіндегі тұрғын үйлерге сервистік ауыз су желісі, кент-қала аралығындағы, 5 кварталда салынып жатқан көпқабатты тұрғын үйлердің инженерлік инфрақұрылымы жүргізілген. Сондай-ақ, құрылысы басталған мекемелер үйінің ғимараты, мәдениет үйі, 18 пәтерлі көпқабатты үйлер, Қазалы қаласындағы 180, кенттегі 210 гектар жер учаскелерін электрмен қамту, газбен жабдықтау, ауыз су апару жұмыстары жалғасын тапса, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік негізінде Жанкент ауылынан дәрігерлік амбулатория ел игілігіне берілді.

Аурухананың ашылу салтанатына облыс әкімінің арнайы қатысқанын атап кеткен жөн. Шарада ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаты Бақтықожа Ізмұхамбетов жаңа нысан жұмысына сәттілік тілесе, медицина саласының ардагері Орақ Кеубасовтың ел ағаларына көпшіліктің ризашылығын білдіріп, аудандық аурухананың бас дәрігеріне жедел-жәрдем көлігінің кілті табысталған болатын.

Жаңа жыл мерекесі қарсаңында Қазалы ауданында бірқатар сәулеттік нысандар бой көтеріп, іске қосылды. Аймақ басшысының ауданға кезекті іссапары кезінде Әйтеке би ескерткіші, Рәміздер алаңы ашылып, Ақтан батыр ауылындағы абаттандыру жұмыстары көпшілікке көрсетілді.

Аудан орталығын кеңейту мақсатында жасалып жатқан игілікті істерді күнделікті тіршілікте көріп жүрміз. Оларды жүзеге асыруға биыл бюджеттен 3,2 млрд теңге қаржы бөлінген. Осы аралықтан жаңа үлгідегі кәсіпкерлік нысандарын салу үшін жоспарланған жер учаскесі белгіленген. Қазалы қаласы Әйтеке би кенті аралығындағы автокөлік жолдары қайта жаңартылып, жоба-сметалық құжаты әзірленіп, мемлекеттік сараптамадан өткізілген.

Солардың арасындағы бірқатар нысандарға тоқтала кетсек. Әйтеке би кентінде құны 889,7 млн теңге болатын мекемелер үйі жобасы іске асырылуда. Аталған ғимаратты салудағы мақсат – тұрғындарға қолайлы орта қалыптастыру үшін аудан әкімдігі мен дербес бөлімдерді бір жерде шоғырландыру. Мұның өзіндік себебі де бар. Дербес бөлімдердің бірқатары кент әкімдігінде болса, кейбірі ескі аурухана ғимараты бөлмелерін жалға алып, пайдаланып отыр. Әйтеке би кентінің түбегейлі жоспарлау жобасына сәйкес мекемелер үйі ғимараты мектеп, аурухана, халыққа қызмет көрсету орталығы, сот, мәдениет үйі ғимараттарымен бір аумаққа орналастырылған. Бұлай жасау тұрғындар үшін аса ыңғайлы болмақшы. Қазіргі таңда аудан әкімдігі орналасқан ғимарат өткен ғасырдың алпысыншы жылдары бой көтерген. Қанша дегенмен уақыт ағымы өз ізін салған.

Сондай-ақ, аудан орталығында көпқабатты 6 тұрғын үй құрылысы жүргізілуде. Алдағы уақытта Әйтеке би кенті мен Қазалы қаласы аралығынан көпқабатты 12 тұрғын үй салу жоспарлануда.

Қазалы ауданы.

«SYR BOIY – 90»

**Жаңақорған ауданында облыстық «Сыр бойы» газетінің 90 жылдығы аясында аталған басылымның Шиелі, Жаңақорған аудандарындағы меншікті тілшісі, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, белгілі сатирик Нұрмахан Елтайдың оқырмандармен кездесу кеші өтті.**

# ОЙЛЫ ОҚЫРМАНМЕН ЖҮЗДЕСУ

Жаңақорған кентіндегі «Арман» мәдениет үйі ұйымдастырған шараға басылымның байырғы оқырмандары мен аудан жастары, тіпті автордың кейіпкерлері қатысты.

Кеш қонақтары Нұрмахан Елтай мен «Сыр бойы» газетінің жауапты хатшысы Дәуіржан Елубаев алдымен басылымның тарихын тарқатты.

Айта кетейік, Н.Елтай соңғы 20 жылдан бері оңтүстіктегі қос ауданның тыныс-тіршілігін талмай жазып келе жатқан қаламы қарымды журналист. Бұған қоса, ол оқырманның ойынан шыққан оннан астам сатиралық кітаптың авторы. Оспанхан Әубәкіровтың батасын алған сатириктің алғашқы кітабы баспадан сонау сексенінші жылдардың ортасында жарық көрді. Ал, автордың мерзімді басылыммен байланысы онан 10 жыл бұрын басталыпты. Н.Елтайдың алғашқы мақала, очерктері 1973 жылы аудандық газетте жариялана бастады. Сол кездегі Жаңақорған аудандық газетінің редакторы Құдабай Ертаев мұның очерктерін жоғары бағалапты. Бұл Түркістан кеңшарында еңбек етіп жүрген жиырмадағы авторды әжептәуір қанаттандырған. Жалпы, ағамыздың негізгі мамандығы – агроном. Еңбек жолын жұмысшыдан бастап, кеңшар директорының орынбасары қызметіне дейін түрлі қызмет сатысынан өткен. Қандөзде туған ұл комсомол бригадасының жетекшісі де болды, ауданда спортты дамытуға айрықша күш салды. Дамылсыз еңбек адамы баспасөзге де ерте араласты. Бастысы, балалық қызығушылығы оны ақыры осы салаға алып келді. «Жайма базар», «Қатырамыз», «Сүйінші дайындаңыздар», «Үшінші тайм» атты сатиралық кітаптары шықты. Ал «Ауылдың айтқыштары» кітабын оқырман қауым тіпті жылы қабылдады. Қолына қалам ұстаған 45 жылда мыңға жуық очерктер, мақалалар жазыпты. Редакция тапсырмасымен оңтүстіктегі қос ауданда автордың табаны тимеген жер жоқ десе де болады.

Бұл кешке еңбек жолын бірге жүріп өткен достары келді, ыстық ықыластарын білдірді. Автордың агроном досы, ауыл шаруашылығы саласының ардагері Асан Нақышпанов, құрылыс саласының ардагері Алшынбай Тұртанов, «Қазақ тілі» қоғамдық бірлестігінің Жаңақорған аудандық филиалының төрағасы Изатулла Нарзилдаев оқырман ретіндегі ойларын айтып, естеліктермен бөлісті. Басылымның қоғамдағы роліне назар аударды. Ал Жаңарық елді мекеніндегі мектеп мұғалімі, ақын Ардақты Қамақ 90 жылдық тарихы бар облыстық басылымға деген ықыласын жырмен өрнектесе, Төменарық аулының тұрғыны, жас ақын Нартай Қайбуллаев өлең оқыды.

Кездесуде сатирик жазушының шығармашылығынан көріністер сахналанды. «Арман» кенттік мәдениет үйінің өнерпаздары «Пароль» атты қойылымды ұсынды. Ән мен жырдан шашу шашты. Бастысы, ойлы оқырманның сан алуан сұрақтары рухани кештің қызықты өрілуіне себеп болды. «Жаңақорған тынысы» газетінің бұрынғы редакторы Алмас Бекжігітов пен облыстық «Кызылординские вести» басылымының осы аудандардағы меншікті тілшісі Мақсұт Ибрашев жылы лебіздерін жеткізді. Сонымен қатар, аудандық білім қызметкерлері кәсіподақ комитетінің төрағасы Елшібек Сатершинов, аудандық кітапхананың директоры Әсем Тілеубергенова да ыстық ықыласын білдіріп, шығармашылық иесіне құрмет көрсетті.

Кеш соңында «Арман» кенттік мәдениет үйінің директоры Күләш Әбілтанова «Сыр бойы» газетінің 90 жылдық мерейтойына арналған мұндай шараның алда аудандық деңгейде өткізілетінін жеткізіп, кеш қонақтары мен газет оқырмандарына ұжым атынан алғысын білдірді.

**«СБ» ақпарат.**

## ЭКОНОМИКАНЫҢ НАҚТЫ СЕКТОРЫН ДАМЫТУ БОЙЫНША АТҚАРЫЛЫП ЖАТҚАН ШАРАЛАР

### СУМЕН ҚАМТУ



Облыстың ауылдық елді мекендерінде сумен қамту жүйесін дамыту мақсатында республикалық және облыстық қаржы есебінен 2019 жылға барлығы 5 млрд теңгеден астам қаржы қаралып, 20 сумен қамту жобасы жүзеге асырылуда. «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында 1 жоба, «Өңірлерді дамыту 2020 жылға дейінгі» бағдарламасы аясында 19 жоба.

Атап айтқанда, Жаңақорған ауданы Жаңақорған кенті, Арал ауданы Сексеуіл кенті, Қазалы ауданы Түктібаев, Жалағаш ауданы Жаңадария, Мақпалкөл, Аққыр, Шиелі ауданы Тартоғай, Шоқай, 1 Май, Ботабай, Қармақшы ауданы Ақай, Қызылорда қаласы Қарауылтөбе, Наурыз (2 жоба), Талсуат, Сабалақ, Досан, Бірқазан елді мекендері және Қызылорда қаласы бойынша 3 жоба жүзеге асырылуда.

### ГАЗДАНДЫРУ



«Өңірлерді дамыту 2020 жылға дейінгі» бағдарламасы аясында республикалық және облыстық бюджеттен 4,6 млрд теңгеден астам қаржы қаралып, 7 жоба жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде, Арал ауданы Жақсықылыш кентінде, Ақеспе елді мекенінде, Қазалы ауданы Ақсуат елді мекенінде автоматтандырылған газ тарату стансасының және Қармақшы ауданы Жосалы кентінде, Сырдария ауданы Тереңөзек кентінде кварталішілік газтарату желілерінің құрылысы, Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын газдандыру, Жаңақорған ауданының Жаңақорған кенті мен Қазалы ауданы Әйтеке би кентіндегі тұрғын үйлерге газ құбырын жеткізу жобалары жүзеге асырылуда.

### ЭЛЕКТРМЕН ҚАМТУ



«Өңірлерді дамыту 2020 жылға дейінгі» бағдарламасы аясында республикалық және облыстық бюджеттен 900 млн теңгеден астам қаржы қаралып, 2 жоба жүзеге асырылуда.

Атап айтқанда, «Қызылорда қаласындағы Сырдария өзенінің сол жақ жағалауын электрмен қамту (1 кезең 35 кВ)» және «Қармақшы ауданы Жосалы кентіндегі 220/35/10 кВ «Жосалы» қосалқы қондырғысын қайта жаңғырту» жобалары жүзеге асырылуда.

Облыстық экономика және бюджеттік жоспарлау басқармасы.

ALDYŃǴY TOLQYN AǴALAR

# Қарашаңырақтың мерекесі бәрімізге ортақ

**«Сыр бойының» 90 жылдығы аясында аға буын өкілдерімен сыр-сұхбатқа арналған «Алдыңғы толқын ағалар» айдарының бүгінгі сандағы қонағы, белгілі қаламгер, ардагер-журналист Қайырбек Мырзахметұлы.**

**Аға басылымда табан аудармастан жарты ғасырдан астам жұмыс жасаған қаламгермен әңгімені газеттің аға тілшісі Ыдырыс Тәжіұлы жүргізген еді.**



***– Қайреке, алғашқы сұрақ, әрине, өзіңіздің «Сыр бойына», жалпы журналистикаға қалай келгеніңіз туралы болмақ, соны тарқатып айтып берсеңіз...***

– Уақыт, шіркін, қандай жылдам еді! Байырғы басылымның тоқсан жылдығы жақындап қалғанын қараңызшы?! Ал, баяғы жастық дәуірдің алғашқы баспалдағына қадам басқан біздің де сексеннен асып, тоқсанның ауылына қарай бет бұрып бара жатқанымызға таңырқаймын. Өмір есікті ашып жапқандай болып тұр. Әрине, тағдыр әміріне бас имей болмайды.

Бұл сонау елуінші жылдардың орта кезі еді. Қызылордадағы М.Мәметова атындағы педучилищені бітіргенмін. Содан қаладағы кеңселерді жағалап жүрмін. Бәрі де «коммунист емес екенсің, орын жоқ» дейді. Қызметке мұрын тығу мүмкін емес. Амал жоқ, туған жерім «Қоғалы» ауылына бет бұрдым. Алуаддин деген ағамыз ауылдағы мектепте бухгалтер еді, жағдай айттым. Мектеп директоры Мүсілім Құлахметов деген кісі екен. Директор ә дегеннен «пионервожатыйлық орын бар, жалақысы 60 сом қалай қарайсың?» дегенді айтты. Ол кезде алпыс сомға бір бұзаулы сиыр алатын кез. Өмірі пұл ұстап көрмеген 60 сом көп көрінді. Сонымен, мектепте пионервожатый болып шыға келдім. Тәртібі қызық екен, мойынға қызыл галстук тақтым. «Вожатый кітабы» деген көктүсті кітап қолыма тиді. Дружина советі, отряд, звено деген белгілерді оқушылардың жеңіне тағуды бастадым. Таңертеңнен кешке дейін мектептемін. Кешке сүріне үйге келемін. Пионер жұмысының жоспарын жасаймын. Директордың шегелеген тапсырмасы мүлдем көп. Кейде педсоветте талқылайды.

Уақыт өтіп жатыр. Қолым қалт еткенде «Ленин жолына», «Қазақстан пионері», «Лениншіл жас» газетіне мақала жазатынды шығардым. Жазғандарыма ауылдағы пошта арқылы қаламақы келе бастады. Әкем жалақыға қоса қаламақы алғаныма қуанып, «Менің балам журналист болатын түрі бар» деп гуілдетеді, мақтанады. Содан бір күні жалақыма баспақ сатып алып, әкеме жетектеп келдім. Сондағы әкемнің қуанғаны-ай! Сол баспақ кейін бұзаулап, үй-ішіміз айран-қатыққа кенеліп қалды.

Байқаймын, аға вожатыйлық жұмыс менің қолым емес секілді, жігітпін, бойжеткендерден ұялғандай боламын, мойнымдағы қызыл галстукке арсынғандаймын. Қалаға барып, газетке жұмысқа тұрсам деймін. Бірақ, таныс жоқ, қалай болады? Содан кезекті демалысқа шыққанымда бірден қалаға тарттым. Арман – газеттің маңайына жұмысқа тұру. Ол кезде облыстық газет қазіргі қалалық парк тұсындағы Дзержинский көшесі №8 үй еді. Жүрексініп, бөлмелерді жағалап жүрмін. Біздің ауылдан Сыдық Алдабергенов деген аға газетте жауапты хатшы деуші еді. Сол кісіге сәлем беріп жағдайымды айттым. Бірақ ол қызмет мәселесін редактор шешетінін, баспасөзге тамыр-таныс, ауылдас деген жүрмейтінін бірден кесіп айтты. Еңсем түсіп кетті.

«Редактор Хамза Сыздықов» деген жазуды көріп есік қақтым. Кірдім, жүзі жылы иманды адамдай көрінді. Сәлемдескен соң «Аға, газетке жұмысқа тұрғым бар. Тіпті осы кеңсеге вахтер болсам да арсынбаймын» дедім. Ол вахтер жасы ұлғайған адамның қызметі екенін, ол жұмыс маған обал болатынын айтып, партияда бар-жоғымды сұрады. Партияда жоқ екенімді естігеннен кейін хатшы қыз арқылы жауапты хатшы Алдабергеновті шақыртты. Сәкең келді. Редактор оған «мына бала вахтер болса да газетке жұмысқа тұрсам дейді. Ықыласы жақсы. Бізде қандай қызметтің орны бос, іздестіріп көрші» деді. Жауапты хатшы редакторға корректор бюросында тыңдаушылық орын бос тұрғанын, бірақ оған сауатты адам керек екенін жеткізді. Редактор маған бұрылып «мақала жазуға қабілетің қалай?» деді. Қолымдағы «Ленин жолына», «Қазақстан пионері», «Лениншіл жасқа» жарияланған төрт-бес мақаламды көрсеттім. Редактор газет қиындыларын оқып, Сыдыққа «сынақпен бұйрық жаз» деген тапсырма берді. Сынақпен деген сөзге таңырқап, зәрем ұшты. Сөйтсем, редакцияға қызметке тұңғыш кіргендерді сынақпен алатын ереже бар екенін кейін білдім.

## Есею жылдары

***– Газетке жұмысқа алындыңыз. Әрі қарай қызмет жолы қалай жалғасты?***

– Арада бірер жыл өтті. Газетке басшылыққа Шымкенттен обкомның идеология жөніндегі хатшысы болған, Мәскеудің партия мектебін бітірген Зейнулла Жарқынбаев келді.

Ал маған қызметті ауыстыру үшін партияға өту керек. Бірақ бұл жердегі қызметімнен КПСС мүшелігіне өтудің қиындығы байқалды. Не істеуім қажет? Бір күні қаладағы үлкен поштаның алдындағы көшеде келе жатқан Исатай Әбдікәрімов ағаға кезігіп қалдым, сәлем бердім. Ол кезде Исекең Шиеліде бірінші хатшы. Ол әңгіме барысында Жарқынбаевтың хатшысы екенімді біліп «Қызметің тәуір екен» деді. Исекеңе қызметім тәуір болғанмен партияда жоқ екенімді, сол жағы қиындау болып тұрғанын жеткіздім. Ол кісі Шиелінің «Өскен өңір» газетіне ауысуды ұсынды, редакторына өзі айтатын болды.

Қуанып кеттім. Араға бірер апта салып, З.Жарқынбаевтан жұмыстан босатуды сұрадым. Шиелінің аудандық газеті шақырып тұрғанын айттым. Ол аудандық газетті істеп шынығу өте дұрыс шешім деп қолдау білдірді. Зекеңе рахметімді айттым.

Сонымен «Өскен өңірге» қызметке орналастым. Үш жылдай жүріп, партияға өттім. Содан газеттегі қызметім «Ленин жолында» қайта жалғасып, осы басылымда елу жылдай еңбек еттім, зейнетке шықтым. Сейілбек Шаухамановтың «Қарадан шыққан хандай» деп бағалаған Зейнулла Жарқынбаевтың тәрбиесін көрдім, есейдім, отбасын құрдым.

*– Журналист жұмысының қызығы мен шыжығы қатар жүретіні бар...*

Бір қызық. Газеттің келесі бір нөміріне Қомшабай екеуміз кезекші едік. Күн батты. Байқаймын газет кешігетін түрі бар. Хрущевтің 9 беттік баяндамасы келмей жатыр. Содан Қомшабай екеуміз Садовая көшесіндегі №6 үйге барып, тынығып, екеуміз де ұйықтап қалыппыз. Таң ата шұғыл баспаханаға келсек, баспагер Б.Қаюмов бізді іздеп таба алмағаннан кейін редактор Ұ.Бағаевтың үйіне телефон шалғанын, содан өзі келіп оқып, қол қойып кеткенін айтып қарап тұр. «Ой, масқара, құрыдық, Қомшеке» деп зәрем қалмады. Ол қарқ-қарқ күлді. «Тәуекел. Бар күнәні мен аламын» деп тұр. Ертеңіне редакцияға мойнымызға су құйылғандай келдік. Байқаймын, Қомшекең кінәсін шыбын шаққан құрлы көретін емес. Мен жұмыстан кететін шығармын деп өксігімді баса алмай отырмын.

Редактор шақырды. «Шырақтарым, бұл газет ғой. Ұят жасадыңдар. Мұндай істі қайталамаңдар!» деп қынжылыс білдірді. Басқа біреу болса қатаң сөгіс беріп, біреуімізді жұмыстан босатар еді. Ұзекең ашу шақырмай парасаттылық танытқанына қатты риза болдық. Жаның жаннатта болғыр, мұндай кешірімді адамды тұңғыш көруім.



Ақын Ә.Тәжібаевпен кездесу

## Дамыл көрмейтін адам

***– «Қасқыр мен журналисті аяғы асырайды» дейді. Іссапарлардан есте қалған естеліктер де аз емес шығар.***

Облыстың түкпір-түкпірін араладық қой. Дегенмен, есте қаларлық бірнеше іссапарды айтып өтуге болады. Ұ.Бағаевтың тұсында Аралдан бастап облыстың оңтүстік шекарасындағы 29 разъезге дейін аралықта әрбір разъезде болып газетке жаздыртумен айналысқаным бар. Сол есте қалыпты. Онан кейін сонау кеңестік кезеңде журналистік шеберлікті арттыру мақсатында Мәскеуде он күн болған едім. Ол да ұмытылмайды.

Сондай-ақ сол замандарда «Советтік Қарақалпақстан» газетімен тәжірибе алмасу кезінде аталған басылымның редакциясында он күн болып, «Достық» атты тақырыппен арнайы бет шығаруға атсалыстым. Ол жақтағы қазақтар әкелері тіріліп келгендей қуанды. Сол күндері қарақалпақстандық бір журналист осы жақта болып арнайы бет ұйымдастырды.

Тағы ерекше есте қалған іс-сапар Әбділда Тәжібаевпен кездесу болды. Облыс әкімі болған Бердібек Сапарбаев «Алматыға барып, ақын Әбділданың халін біліп келетін бір журналисті жібер» деп редакторымыз Жақсылық Рахматуллаға тапсырма беріпті және менің барғанымды қолайлы көріпті. Редактор «Алматыға арнайы барған соң бір ғана Сыр елін ғана емес, ұлттың рухын асқақтатқан Әбдіжәміл Нұрпейісов, Қалтай Мұхамеджанов секілді алыптармен де кездесіп, ой бөлісіп, сырласып, сұхбат алып қайтсаңыз дұрыс болар» деді.

Алматыға барып Ә.Нұрпейісов және Қ.Мұхамеджановпен кездескен соң іздестіріп жүріп, Әбділда ағамызды әрең тауып алдым. Саяжайында екен. Бір көзі көрмей қалған. Біраз әңгімелестік. Жақында Елбасы Н.Назарбаев келіп кеткенін айтты. Астананы Ақмолаға көшіру туралы ойымен бөлісіпті.

– Бұл ерлігіңе тәнтімін. Жаңа астананы салуыңды қош көрем. Жаңа қала салу, көшу – ұлағатты іс. Ол кез келгеннің қолынан келмейді. Арқаны астана етуің даналық. Қадамың құтты болсын, бабалар қолдасын деп Нұрсұлтанның бетінен сүйдім. Елбасы шаттанды, – деген ақын – қазір көзден қалдық, сөзден қалған жоқпыз. Баяғы көкіректі жарып шығар поэзия жоқ. Сырда тудық, көп нәрсе жаздық. Ақмешіт Қызылорда деп аталған кезеңде пионер болып өлең оқыған едім. Енді екі жылдан соң тоқсанға шығады дейді. Тоқсан қуанатын жас емес, сенімсіз, кәрілікке ем жоқ. Жастық шағымда өлеңді бұрқырата жаздым. Атақ-даңқым жетеді. Қазақтың Әбділдасы атандым. Бір нәрсе сұрауға, қол жаюға жоқпын. Мен ештеңеге зәру емеспін, кітаптарымнан гонорар келіп жатыр. Жағдайым жақсы. Бәріне қанағат. Елге сәлем айтыңдар. Бүгін бір жасап қалдым ғой, – деп қоштасты. Алматыдан келгеннен кейін «Ленин жолының» бірінші бетіне «Үш алып!» – деген сұхбатым жарық көрген еді.

Ал ардагерлер қатарында Астанаға барып қайтқанымыз да өзінше бір қызық. Елорданы аралап қыдырдық, Т.Әубәкіровпен кездестік.

***– Қайреке, бір жағынан өзіңіздің жақсы бағбан екеніңізді білеміз. Осы турасында не айтар едіңіз?***

– Негізінде ой еңбегі мен қол еңбегі егіз болған дұрыс. Адам үнемі қимыл-қозғалыста болып, еңбек ету керек. Сол кезде адам шаршамайды, қартаймайды. Қартаймаудың бір сыры осы ма деймін. Үнемі өзіңді өзің шынықтырып, қол еңбегімен айналысу қажет. Сонда ғана адам карттыққа берілмейді. Мен өзі дамыл көрмейтін адаммын. Есіктің алдын, саяжайды көгерту менің жұмысым. Саяжайда күні-түні жұмыс істеймін. Көлігімді өзім жүргіземін. Соңғы 50 жылда 5-6 көлік тоздырдым. Есіктің алдын көгерту жөнінен облыста 1 дәрежелі диплом алдым. Мақтанғаным емес, аулада жиырмаға жуық түрлі ағаш бар. Оның ішінде жеміс ағаштарының барлық түрі мен талдардың бірнеше түрлерін отырғызғанмын.

Немерелерім емін-еркін ойнасын деп көше беттен шағын етіп, балалар алаңқайын жасадым. Балалардың барлығы келіп ойнайтын, көпшіліктің сүйікті шағын алаңына айналды. Оны біреудің көзіне түсу үшін емес, өзім үшін жасаған дүние ғой. Сол үшін «Үлгілі тұрғын үй» номинациясының жеңімпазы атанып, қала әкімі Нұрлыбек Нәлібаевтың марапатына ие болғанмын.

## Ұшқан ұя ыстық

***– Жарты ғасыр уақытта қаншама редактормен жұмыс істедіңіз. Аға буын өкілдерін де, қазіргі буынды да жақсы білесіз...***

– Облыс айнасында табан аудармастан 51 жыл еңбек еттім. Осы жылдары 9 редактормен қызметтес болыппын. Базарбай Сарбасов азулы редактор еді. Жұмаш Қонақбаев, Хамза Сыздықов, Сүлеймен Сейітов басшылықта көп бола қоймады. Қалқабай Әбенов, Нұрділда Уәлиев басшылық жасаған жылдары басылымның тиражы өсті. Байырғы басылымда көп жыл басшылық еткен Қалқабай Әбенов пен Жақсылық Рахматулла. Сонан соң Нұрділдә Уәлиев, Ұзақ Бағаев болды. Н.Уәлиевпен бес жылдай бірге қызметтес болдық. Сырын сыртқа алдырмайтын. А.Сәдібеков, Н.Рахметова, С.Бихожалардың жазу қабілетін бағалады. Аралға 100 мың сом аудардым дейтін бір алаяқты барлық баспасөз жабыла жазғанда өзі басқарып отырған баспасөзге жариялатпады. Мұнысы көрегендік болды. Сырбаз ағамыз Нұрекең сондай-ақ баспасөз тарихын зерттеп, кандидаттық диссертация қорғады. Газеттің 1929 жылдан бастап шыққанын дәлелдеп, өмірін ұзартты.

Редактор Ұзақ Бағаев шебер журналист еді. Тәуір дүние болса қуанып, нөмірге шұғыл салдыратын. Обкомның жиын-бюроларында отырып, газетке баратын дүниелерді сол жерден оқып, жүргізушісінен беріп жіберетін. Сонан соң өзі әр жанрда қалам тербейтін. Зейнолла Шүкіров жайында жазғанын тамсана оқыдық. Әр іссапарда қаламы ұшқыр журналистерді іздестіре жүретін. Тілші Ш.Дәрмағамбетұлы, фототілші А.Мәдединовтердің келуіне себепші болғаны бар. Жауапты хатшы Шора Ерәлиев, журналистер Орман Нұрқабаев, Ахметжан Нүрекеев, Жақсылық Беккожаев, Құрманғали Ажаров, Нұрпейіс Байғараев сынды әріптестер шалымды еді, жазғандарының сиясы кеппей жатып, жауап келіп жататын. Оқырман хаттарына көп көңіл бөлінетін.

Бір кездері редакцияда өңшең әскерден оралған ағалар болды. Д.Тасекеев, Ә.Жанұзақов, Қ.Алдоңғаров, Қ.Ажаров, А.Нүрекеев, Б.Әлменовтер көп жыл басылымның қиын сәттерін бастан өткізді. Әскерден оралған, содан соң үйленген, ұл-қыздары жас, бәрін оқыту керек болды. Содан қызметте отырып қалды. Мұны қызғанатын, ішіне ине айналмайтын кейбірі жоғары жаққа арыз жазып, «бұлар отыра бере ме, бізге орын босатпай ма» дейтіндер кезікті. Бірақ басшылар жауынгер ағаларды қозғамай қамқорлық жасады. «Қазақстан әйелдері» журналының редакторы, обкомда нұсқаушы болған Мәриям Қараконақова және Құрманғазы Бәкіров деген журналистер жұмыс істеді. Дархан Сапаров мықты журналист болды. Газетке көп еңбегі сіңді. Осы кісілер атақсыз қалды.

Газеттің 50, 60, 70, 80 жылдығын ұжыммен бірге өткіздім. Енді жасым 85-ке келгенде басылымның 90 жылдығын күтіп отырмын, бұл да бір маған Алла берген сый шығар. «Ленин жолы», қазіргі «Сыр бойы» есею жылдарымыздың куәсі, жастық шағымыздың ұмытылмас кезеңдері. Сол бір қызығы мен қиындығы мол жылдар естен кетпес шежіре секілді.

Бұрынғы журналистерден Шәкірат Дәрмағамбетов әлі қаламын тастамай жүр. Жиі жазатындардың тағы бірі Айжарық Сәдібеков, оның жазуы бөлек, одан үйрену керек. Көзкөргендерден Өтеген, Әскербек, Жолдасбектер бар.

Журналистика, газет жұмысы бұл өзі конструкция сияқты. Еріңбеген, газеттің беделін көтеретін адам жұмыс істеуі керек. Шебер журналистердің шоғыры болғаны дұрыс. Қаламы ұшқыр тілшіні халық өзі іздеп жүреді. Журналистерді көтермелеу шараларын қолдану қажет.

Бұл күндері басылым өзінің байырғы аты «Сыр бойы» атанып, кең форматпен, түрлі-түсті бояумен отыз мыңға жуық таралыммен шығып тұр. Бүкіл баспасөздің басын біріктіріп отырған «Сыр медиа» ЖШС-нің бағыт-бағдары қуанарлық. Басылымда қаламы жүйрік аға ұрпақ өкілдерінің эстафетасына дақ түсірмей жалғастыра түсудегі қадамдарға сүйсінбей болмайды. Ал өзіңнің «Егемен Қазақстанда» жарияланған көлемді мақалаларыңды көріп риза болып отырамын.

Мені хатшылықтан тыңдаушылыққа, корректорлыққа, одан тілшілікке жетелеп, осы жолда талай жайсаң жандармен қызметтес қылған жазуға деген құмарлық, баспасөздің өзіне тартып тұрар ерекше сиқыры болатын. Ұшқан ұя – ыстық. Қарашаңырақ мерекесі бәрімізге ортақ.

***Әңгімеңізге рахмет, аға!***



Тоқсаныншы жылдардағы редакция ұжымы

# ЖАҚСЫЛАР ЖАҚСЫМЫН ДЕП АЙТА АЛМАЙДЫ...

**Шіркін, өмір-ай, десеңізші!... Жақында Елбасымыз Нұрсұлтан Назарбаевтың теледидардан көрсетілген ресми емес кездесуінде домбыра шертіп отырып: «Жақсылар жақсымын деп айта алмайды, Жамандар жақсымын деп айқайлайды», – деп қоңыр даусымен салған әнінен терең танымды, айшықты астарды, өрнекті өнегені байқап, ойланып қалғанымыз бар...**



Сексеннің сеңгіріндегі Әкімбек Баекеев баладай аққөңіл, жүрегі жылы, періштедей пейілімен: «Елім аман болсын!» дейтін ақниетті ақсақал. Сондай елпілдеген ерекше мінезімен көпшіліктің құрметіне бөленген қария. Бұла болмысына ата-баба қанымен сіңген кішілік пен кісілік қасиеттері қалыптасқан, жүріп өткен жолы да, ықылас-пейілі де түп-түзу ол пенде боп біреуге «бәтшағар» деп те айтып көрмепті. Ардагер машинисттің еңбек кітапшасында көрсетілгендей бар саналы ғұмыры бір ғана мекемеге Қызылорда локомотив депосына арналыпты. Сөйтіп, ауыр жүк және жолаушылар пойыздарының локомотив машинисі боп табаны күректей отыз бес жыл бойы адалдық пен адамдықты, қырағылық пен батылдықты ту етіп желбіретіп, міндетін алғаусыз атқарды.

## Тәрбие талбесіктен басталады

Өмір – өзен. Бірде таудан күркірей құлай ағып, өткел бермесе, бірде кеңбайтақ даланы бойлай аққан өзен өз арнасына толып, баяу сылдырлай ағады. Өмір ағысы да сол өзен іспеттес. Екінші дүниежүзілік соғыс басталардан екі жыл бұрын сол кездегі Сырдария ауданы, Абай ауылында дүниеге келген Әкімбек Баекеұлының балалық шағы ауыртпашылық кезімен тұспа-тұс өтті. Ертеректе ата-бабаларының жаз жайлаулары Қостанай өңірі де, қыс қыстауы Сыр өңірі болған. Бертін келе, бала Әкімбек ес білгелі абайлықтар «Ақ шкөлді» қыстайтын болды. Әкесі Баеке таң атқаннан қас қарайғанша колхоздың ең қиын жұмыстарының ортасында жүретін мінезі кішіпейіл, алайда әділетсіздік көрсе бетің бар, жүзің бар демей айтып салатын кісі болыпты. Күнұзақ колхоз жұмысынан келіп, жүрек жалғап алып, таң атқанша етік тігетін ісмерлігі де болған екен. Анасы Ақтолқын да колхозшы, мінезі инабатты, он саусағынан өнер тамған шебер, колхоздың тірлігінен қолы қалт еткенде жүн иіріп, балаларына кеудеше, шұлық, қолғап тоқып отыратын болған.

«Жыңғылды көл» ауылдық кеңесіне қарайтын абайлықтар сол кездері жерге дән сеуіп, егіншілік жасауды біле бермей бірыңғай мал шаруашылығын күйттеген. 1947 жылдан бастап үш колхоз біріктіріліп, қазіргі «Абай» ауылына шоғырланып, егін, бақшалық өнімдер егіле бастады. Міне, сол жылдары балалар масақ теріп, пішен орып, жыңғыл шауып, қиыншылықтарды бастан өткерді.

Иә, балаға жақсы қасиеттер әкенің қасиетті қанымен, ананың ақ сүтімен дариды ғой. Әкімбектің арғы бабалары би болмаса да, би түсетін үй, аузында иманы бар текті адамдар болған. Марқұм әкесі балаларына осыны жиі есіне салып, талай нәрсені саналарына сіңіріп жетілдірді. «Әке балаға сыншы» дегендей, жасынан еңбек десе елеңдеп тұратын ұл-қыздарына үміті зор болды. Бүгінде сексенге толып отырған көкеміз сөз арасында:

– Расында, әкенің қатаң талабы, ұлағатты тәрбиесі осы уақытқа дейін таусылмас азық болып келеді. Әкемнің тізесінде жатып талай қисса-дастанды тыңдап өстік. Қатардағы қолхозшы болса да ойы орамды, парасаты пайымды, қара қылды қақ жарып әділ айтатын еді, – деп асқар тау әкесін толғана еске алады.

...Ол 1955 жылы Қызылордадағы А.Құнанбаев атындағы мектепті үздік бітірді. Абай мектебі демекші... Әдетте бала кезден көңіл түкпірінде сақталып, содан ғұмыр бойы жадыда жатталып қалатын жайлар болады. Құлын-тайдай тебіскен достары күн ұзақ асыр салып, ойын қуса, бала Әкімбек пен жанындағы досы Олжабай екеуі таңсәріден оянып, теміржол вокзалына жүгіре жөнелетін. Сөйтіп, темір жолдың арғы бетіндегі мектепке жақын орналасқан вокзал маңындағы арлы-берлі жөңкіп жататын ұзыннан-ұзақ шұбатылған пойыздардың ысқырығы мен вагондардың дүрсілі бұларды қызықтырып, бала жүректері дүрсілдей соғып: «шіркін, біз де мына «гук-гук» деп бара жататын пойызды айдасақ» деп армандайтын.

Сөйтіп, орта мектептен соң Қызылорда қалалық партия комитетінің жолдамасымен Челябинск қаласындағы техникалық училищеге түсіп, шлифовщик мамандығын алады. 1959 жылы туған жерге оралып, алғаш рет еңбек жолын локомотив депосының тепловоз слесарі болып аттады. Жүрегінде жалын оты бар жас бозбаланың еңбектегі жауапкершілігін, еңбексүйгіштігін бірден аңғарған локомотив депосының басшылары оны көп ұзамай арнаулы жолдамамен Алматыдағы локомотив машинисінің көмекшісі курсына жіберді. Енді жас жігіт бар ынта-шынтысын, күш-жігерін, локомотивтің қыры-сырын ұғынуға арнап, мейлінше ден қоя оқыды. Оны ойдағыдай бітіріп келіп, машинистің көмекшісі болып жүрді де, бір жылдан соң темір тұлпарды өзі тізгіндеді. Осыдан алпыс жыл бұрын еңбек кітапшасына түскен локомотив депосында отыз бес жыл бойы үзбей абыройлы еңбек етіп, 1994 жылы зейнет демалысына шықты. Сөйтіп, баяғы балалық шақтағы арманы оны адастырмай ақыры теміржол саласына алып келіп, темір тұлпарды тізгіндеп, еліміздің экономикасын өркендету мен халыққа қызмет етуде ұзақ жыл бойы аянбай, абыройлы тер төкті. Өз мамандығының білгірі, іскері атанған кейіпкеріміз еңбектегі үлгілі қызметі үшін бірнеше мәрте «Социалистік жарыстың жеңімпазы» «Коммунистік еңбектің екпіндісі», «Бесжылдықтың озаты» төсбелгілерімен және зейнет демалысына шығарда «Еңбек ардагері» медалімен марапатталды.

Бұл күндері ардагер теміржолшы – әулетінің абыройын асқақтатқан бақытты әке, аяулы ата. Құдай қосқан қосағы Жұмакүл апа екеуі ұлдарын ұяға, қыздарын қияға қондырып, өркенін жайған өнегелі әулет. Көкеміз осыдан алпыс жылдай бұрын қармақшылық бойжеткен Жұмакүл апамызбен қалай танысып, содан соң осы «Абай» ауылынан бес-алты адам боп құда түсіп барғанын, сөйтіп апамызды жүк пойызының ашық вагонымен Қызылордаға алып келгенін әсерлі әңгімелейді. Сөйтіп өмірге алғаш рет Ақмолда атасының азан шақырып қойған атымен төлінің алды, суының тұнығы боп Шырынкүлі, содан соң Сәулесі, Қайраты, Салтанаты, Маясы дүниеге келіп қуанышқа бөледі. Бұл күндері олардың бәрі де бір-бір мамандық иелері атанып, үйлі-баранды болды.

## Қырағы машинист немесе еленбей қалған ерліктер

Қызмет барысында бір емес, бірнеше рет қырағылық көрсетіп, батыл шешім қабылдауының нәтижесінде теміржол бойындағы қаншама адамның өміріне төніп тұрған қатерден құтқарған машинист Әкімбек Баекеев қанына сіңген қалпымен атойлап «мен сөйттім, мен бүйттім» деп ешкімге тіс жарып ештеңе демеді.

– Әлдеқашан ұмыт болған бұл жағдайлар менің жадымда әлі күнге дейін жаңғырып тұр. Кім біледі, уақытында айтылмаған соң жай ойдан құралған әңгімедей көрінетін болар. Әйтсе де, бәрі де сәтімен аяқталып, пойыздардағы жолаушылар зардап шеккен жоқ. Ең бастысы, халқымның аманшылығы, елімнің тыныштығы ғой, шырағым. Өткенге ой жүгіртіп, басымнан өткен оқиғаларды айтқандағы мақсатым – мақтаншылық үшін емес, мына жас ұрпаққа үлгі болсын деу ғой, – дейді ақсақал айналасын қоршалай, әңгімесін ұйып тыңдап отырған немерелеріне ойлана көз тігіп.

...1971 жылдың қаңтар айының үшінші жұлдызы. Қызылорда қаласының оңтүстігіндегі «Белкөл» жақтан ауыр жүк пойызын сүйреп келе жатқан тепловоз машинисі, жас жігіт Әкімбек Баекеев сол кездегі қаланың 2-ші шағын ауданы тұсындағы ескі өткелде тұрып қалған жүк машинасы мен оның жан-жағындағы адамдарды алыстан байқап қалды. Қолы жедел тежегішке барып, дереу іске қосты. Таяқ тастам жерге келіп, екі иығынан демалып тоқтаған «2-ТЭВ» локомотиві сүйреген ауыр жүк пойызының алдында тұрған «ГАЗ-53» қоқыс таситын автокөлігін айнала жүгіріп жүргендерге жан-жақтан адамдар қосылып, жабылып жүріп орнынан жылжытып, рельс үстінен әрі асырды-ау, әйтеуір.

– Сіздің қырағылығыңыз бен шұғыл шешім қабылдауыңыздың нәтижесінде апатты жағдайдың алдын алдық. Рахмет сізге, – деп сол кездегі локомотив депосының басшысы Ғазиз Қалиев №187 бұйрықпен шынайы ризашылық сезімін білдіргеніне де қырық сегіз жыл өтіпті-ау.

... 1989 жылдың маусым айы. Диспетчерден түскен нұсқауға сәйкес Шиеліге жақындап қалған №84 жолаушылар пойызының машинисі Әкімбек Баекеев әдеттегідей тепловоз терезесінен алдындағы қос айрықты жіті шолып келеді. Өйткені, көбінесе елді мекендер маңайында оқыс жағдайлардың орын алатыны аян. Кенет алыстан шойынжол үстінде қарайып тұрған бірнәрсені көзі шалып қалды. Өзіне-өзі сенбей көзін уқалап тағы да сонау көз ұшына қадалды. Жанұшыра жанындағы көмекшісі Еркінге: «Қарашы, анау не, қарайған?» – деді. Серігі шұқшиып қарап тұрып: «Білмеймін, теміржол үстінде төрт бұрышты бірдеңе тұр. Жұмысшылар тіркемесі сияқты ма? Үстінде бірнәрсе жатыр. Адам сияқты», – деді сасқалақтап. Мұндайда жайбарақаттық қайда! Машинист көп ойланып тұрмай ақырындап жедел тежегішті іске қосты. Иә, ақырындап қоспаса, жолаушы пойызында бейқам келе жатқан мың екі жүз елудей жолаушы вагон ішінде пойыздың оқыс тоқтауынан майып болуы әбден мүмкін! Сондықтан пойызда қамсыз келе жатқан жолаушылар зардап шекпеуі тиіс! Арындап келе жатқан жолаушылар пойызы біртебірте жылдамдығын азайтып келіп, манадан шойынжол үстінде қарайып тұрған жұмысшылар тіркемесіне тұмсығын тақай тоқтады. Көмекшінің «Адам сияқты» дегені үйілген құрал-саймандардың үстіне тастай салынған теміржолшылардың бешпеттері болып шықты. Апыл-ғұпыл тепловоздағы «Машка» байланыс аппаратымен диспетчермен хабарласып, мына жайды баяндап, көмекшісі екеуі сүйрелеп жүріп жұмысшылар арбасын тепловозға көтеріп салды да, ілгері жылжыды. Шиеліге келсе, стансада саланың бар басшысы қаптап жүр. Сөйтсе, диспетчер болған оқиғаны стансаға хабарлап, басшысы-қосшысы бәрі босып кеткен ғой. Тепловоздан түсірілген жұмысшылар тіркемесін көріп, ал енді бәрі жабылып машиниске жалынсын:

«Бұл оқиғаны жоғарыға білдірмей-ақ қой». Қалай білдірмейсің, тепловоздағы тіркеп-жазу аппараты, жолаушылар пойызының қандай жылдамдықпен, қай жерге, қанша уақыт тоқтағанын көрсетіп тұрса? Әбден дегбірі кеткен әлгілер енді: «Локомотив депосының басшылығына ұсыныс жасап, «Құрметті теміржолшы» атағын алып береміз» – деп мұның іші-бауырына кіріп барады. Жұмысшылардың құрал-сайман салатын тіркемесін рельс үстіне тастап, өздері түстік ішуге кеткен бригадир болса жыламсырап, бұған өмір бойы қарыздар екенін айтады. Дегенмен, бұл оқиғаны осы саланың айналасындағы жергілікті мамандар ғана білді.

...1989 жыл. 4 қыркүйек. Таңғы сағат 03.30. Жолаушылар пойызының локомотивімен Жосалы стансасына кіріп келе жатқан. Ережеге сәйкес ірі стансаларда жолаушылар пойызы 1-ші немесе 2-ші жолға қабылдануы тиіс. Кенет стансаға еніп келе жатқан пойыз бірінші, екінші емес, басқа шеткі рельске түсіп, тіпті де стансаға тоқтамай өтетін жолға түсті. Әкімбек осының бәрін реттеп отырған станса кезекшісімен жедел, жанұшыра хабарласты. Дауысы қатқыл, ащы шықты.

– Мынауың не? Неге ілгері өтіп кететін жолға салдың?

Сөйтсе, кезекші ұйқылы-ояу, мұның алып келе жатқан жолаушылар пойызын басқа жолға салып жіберген ғой. Машинистің дауысының оқыстан қатты шығу себебі де осы екен. Өйткені, қарсы беттен жүк пойызы шықса, үлкен қақтығыстың болатыны сөзсіз. Апыл-ғұпыл кешірім сұраған кезекшінің ұйқылы-ояу дауысынан соң Әкімбек пойызды кері қарай жылжытып, қайтадан келіп стансаның бірінші жолына келіп тоқтады.

...1991 жылдың шілдесі. №7 «Алматы-Мәскеу» фирмалық пойызының тепловоз машинисі Әкімбек Баекеев те, көмекшісі Еркін Байдәулетов. Жүйрік пойыз «Талап» стансасынан өтіп «Аққұмға» келіп қалған. Кенет байланыстағы жаңа ғана өздері өтіп кеткен станса кезекшісінің: «Сіздің тепловозыңыздың дөңгелегі түтіндеп келе жатыр», – деген хабары түсті. Көмекшісі екеуі тепловоз терезелерінен қайта-қайта үңіліп, ақыры сол жақ артқы дөңгелектен болар-болмас түтін барын байқады. Жедел тоқтату тетігін іске қосып, екеуі де көз ілеспейтін шапшаңдықпен секіріп жерге түсіп, әлгі түтін шығып жатқан дөңгелекке ұмтылды. Кәнігі машинист әрі қарап, бері қарап, аса қауіптің жоқтығын байқады. Уақыт қымбат. Кестеден кешікпей мына тиіп тұрған «Жаңақорған» стансасына жету керек. Өйткені стансада болмаса, айдалада тепловозды ауыстыру тіпті де мүмкін емес. Ол үшін көп уақыт кетеді. Бұл дегеніңіз – пойыз вагондарындағы мыңнан астап жолаушыны жіпсіз байлап қою деген сөз. Сөйтті де, Әкімбек байланысқа шығып, «Жаңақорған» стансасына басқа тепловоз дайындауды хабарлап, орта жылдамдықпен жүріп отырып, аман-есен кесте уақытымен стансаға жетті.

Ары таза, періште пейілді ардагердің жүріп өткен өмір жолында қалпалсыз қалып, шынайдай шынайылық, мінсіз мәрттік мен мұндалайды. Иә, ишарасына имандылық ұялаған ардагер теміржолшының кешегісі әділдік таразысына тең тартылмаса да, бүгіні – ол халқының аманшылығына себеп болғаны.

Әкімбек көкеміз әңгіме барысында өзімен бірге теміржолдың «ыстығына күйіп, суығына тоңып» йық түйістіріп еңбек еткен әріптес достары Жақсылық Әбдіреев, Олжабай Қошанов, Еркін Байдәулетов, Ертай Әуезов, Сәруар Алматшаев, Әбілқасым Садықов, Әбсаттар Ізтілеуов, Наурызбай Қиятовтарға көбірек тоқталып, олардың өз істерінің майталман мамандары, бұл күндері бейнетінің зейнетін көріп отырған ардақты ардагерлер екенін мақтанышпен айтты. Олардың болат жолдың бойындағы ерен еңбектерін, талай алдарынан кес-кестеп шыққан шойын жолдың шым-шытырық, шырғаланды оқыстан туындайтын қиын-қыстау кедергілерді өздерінің тәжірибелілігі мен біліктілігінің, қырағылығы мен батылдығының нәтижесінде жеңіп отырғанын тілге тиек етті.

Темір тәртіптегі теміржол бойындағы үлкенді-кішілі оқыс оқиғалар, кезекші, диспетчерлерде сол бойы хатталып, тиісті орындар лезде хабардар болатыны айдан анық. Әйтсе де, қаншама рет қырағылықты, батылдықты құрыш қолымен атқарған машинист Әкімбек Баекеев те, ол еңбек ететін ұжым да елеусіз қала берді. Ал, қызметін міндетсінбейтін машинист үшін бір-ақ нәрсе қажет болды, ол – пойыздағы жүздеген жолаушының өмірін сақтап қалу. Тіпті, сол кездері машинист Әкімбек Баекеевтің қиыннан жол тауып, қырағылық көрсетіп, қаншама жолаушының өміріне арашашы болғанын білгендер білді, білмегендер сол жабулы қазан жабылған күйінде қала берді.

Міне, әңгімеміздің беташарындағы «Жақсылар жақсымын деп айта алмайдының» мәні де, мағынасы да осында еді.

**Амангелді СУХАНБЕРЛИЕВ,**
**Қазақстанның Құрметті журналисі.**

# Телебағдарлама

**15-21 сәуір**

### QAZAQSTAN

**Дүйсенбі, 15 сәуір**
5:05 «Senbilik tań»
6:00 «Tańsholpan»
9:00, 2:30 «Hit Qazaqstan»
10:00 «Apта»
11:05, 20:50 «Үзілмес үміт»
12:00, 16:00, 19:00, 23:30 Aqparat
12:15 «Beinesaz»
12:35, 21:50 «Ертұғырыл»
13:40, 18:10 «Іздедім сені»
14:30 «Shańyraq»
16:15 Elden habar
16:30, 2:00 «Meniń Qazaqstanym»
17:05 «Balanyń końili...»
17:20, 3:20 «Arnaiy joba»
17:40 «Serpin»
19:55 «Qareket»
22:50, 3:40 «Tungi studio»
0:20 «Достар»
0:45 «Жүрекке жол»
1:30 «Ұлт мақтанышы»

**Сейсенбі, 16 сәуір**
5:05 Қазақстан эстрада жұлдыздарының қатысуымен концерт
6:00 «Tańsholpan»
9:00 «Hit Qazaqstan»
9:55 «Элвин мен алақоржындар»
10:15, 16:50 «Kim bilgir?»
11:05, 20:50 «Үзілмес үміт»
12:00, 16:00, 19:00, 23:30 Aqparat
12:15 «Beinesaz»
12:35, 21:50 «Ертұғырыл»
13:40, 18:10 «Іздедім сені»
14:30 «Shańyraq»
16:15 Elden habar
16:30, 23:30 «Jan jyluy»
17:35 «Końil tolqyny»
19:55 «Qareket»
22:50 «Tungi studio»
23:50 Футбол

**Сәрсенбі, 17 сәуір**
16:00, 19:00, 2:00 Aqparat
16:15 Elden habar
16:30 «Aqsauyt»
16:50 «Kim bilgir?»
17:35, 23:30 «Końil tolqyny»
18:10 «Іздедім сені»
19:55 «Qareket»
20:50 «Үзілмес үміт»
21:50 «Ертұғырыл»
22:50 «Tungi studio»
23:50 Футбол
2:50 «Hit Qazaqstan»

### QYZYLORDA

**Дүйсенбі, 15 сәуір**
7:35, 23:35 "Сіз білесіз бе?"
8:00 "Үштаған"
9:00 "Хайди"
9:20 "Рэй бастаған құтқарушылар"
9:45 Б.Байкенжеевтің әндері
11:00 "Сыр жұлдыздары"
11:30 "Қазақстан тынысы"
12:00 "Таңғажайып табиғат"
12:15 "Емен -жарқын"
12:40 "Заңгер кеңесі"
13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар
13:25, 17:30, 22:00 Новости
13:45 "Жаңа күн"
15:00 "Элвин мен алақоржындар"
15:15 "Айыпталушы"
16:20 "Жаңа қоныс"
18:00 Ж.Ысқақованың орындауындағы әндер
19:00 "Өмірдің өзі..."
20:00 "Мәртебелі мамандық"
20:20 "Таңдау"
21:10 "Бәйге"
22:25 "Қиялшы дәрігер Ким Сабу"

**Сейсенбі, 16 сәуір**
7:35, 23:35 "Сіз білесіз бе?"
8:00, 13:00, 17:00, 21:30 Жаңалықтар
8:30, 13:25, 17:30, 22:00 Новости
9:00 "Хайди"
9:20 "Рэй бастаған құтқарушылар"
9:45, 22:25"Қиялшы дәрігер Ким Сабу"
10:55, 20:20 "Таңдау"
12:00 "Өмірдің өзі..."
13:45 "Жаңа күн"
15:00 "Элвин мен алақоржындар"
15:15 "Тігіншілер"
16:20 "Жаңа қоныс"
18:00 "Нұр аға"
19:00 "Өзекжарды"
19:40 "Заңгер кеңесі"
20:00 "Ой-таным"
21:10 "Репортер ұсынады"

**Сәрсенбі, 17 сәуір**
16:20 "Жаңа қоныс"
17:00 Жаңалықтар
17:30 Новости
18:00 Г.Саринаның орындауындағы әндер
19:00 "Өмірдің өзі..."
20:00 "Судың сырын білген"
20:20 "Таңдау"
21:10 "Туған өлке"
22:25 "Қиялшы дәрігер Ким Сабу"
23:35 "Сіз білесіз бе?"

### ХАБАР

**Дүйсенбі, 15 сәуір**
5:00 "Тамаша"
6:00 "Тобот"
6:30, 7:10, 8:10 "Таңғы хабар"
7:00, 11:00 Жаңалықтар
8:00, 12:00 Новости
9:00 "Өз үйім 2"
9:25 "Журналистік зерттеу"
9:45 "Марс"
10:30 "Символы нашей Родины"
11:10 "Алтын бесік"
11:40 "Қайсар жандар"
12:10 "Двойная жизнь"
14:00 "Давайте говорить!"
14:50, 23:10 "Батыл жүрек"
15:45 "Тағдыр тартысы"
16:15 "Бір туынды тарихы"
16:45 "Bilim"
17:15 "Ережесіз әңгіме"
18:00 "Мезгілсіз махаббат"
18:30 "Шашу"
19:00, 22:40 Қорытынды жаңалықтар
19:30 "Online"
20:00 Итоги дня
20:30 "Бөрі"
21:20 "На крыльях любви"
22:10 "Бетпе-бет"
0:10 "Әсем әуен"

**Сейсенбі, 16 сәуір**
5:00 "Тамаша"
6:00 "Тобот"
6:30, 7:10, 8:10 "Таңғы хабар"
7:00, 11:00 Жаңалықтар
8:00, 12:00 Новости
9:00, 18:00 "Мезгілсіз махаббат"
9:30, 18:30 "Шашу"
10:10, 21:20 "На крыльях любви"
11:10 "Бабалар ізімен"
11:40 "Қайсар жандар"
12:10 "Двойная жизнь"
14:00 "Давайте говорить!"
14:45, 0:10 "Батыл жүрек"
15:45, 23:40 "Мектеп"
16:15 "Ұлы дала өркениеті"
17:00 "Народный контроль"
17:15 "Ережесіз әңгіме"
19:00, 23:10 Қорытынды жаңалықтар
19:30 "Online"
20:00 Итоги дня
20:30 "Бөрі"
22:10 "Большая неделя"

**Сәрсенбі, 17 сәуір**
16:00, 23:10 "Тағдыр тартысы"
16:30 "Өмір жолы"
17:00 "Біздің назарда"
17:15 "Ережесіз әңгіме"
18:00 "Мезгілсіз махаббат"
18:30 "Шашу"
19:00, 22:40 Қорытынды жаңалықтар
19:30 "Online"
20:00 Итоги дня
20:30 "Бөрі"
21:20 "На крыльях любви"
22:10 "Сана"
23:40 "Өмір жолы"
00:10 "Әсем әуен"

### Евразия

**Дүйсенбі, 15 сәуір**
5:00, 2:45 «Ән дария»
5:40 «Той заказ»
6:10 «Тамада battle»
7:00 «Доброе утро»
10:00 «Штрафник»
11:00 «Қалаулым»
14:00 «На самом деле»
15:00 «Карина Красная»
15:55 «Пусть говорят»
17:00 «Басты жаңалықтар»
17:45, 1:45 «Пендеміз ғой»
19:00 «Главные новости»
19:45, 22:00 «Невский. Проверка на прочность»
21:00, 1:00 «П@утina»
00:00 «Зорге»

**Сейсенбі, 16 сәуір**
5:00 «Ән дария»
5:40 «Той заказ»
6:15, 17:00 «Басты жаңалықтар»
7:00 «Доброе утро»
10:00 «Штрафник»
11:00 «Қалаулым»
14:00 «На самом деле»
15:00 «Карина Красная»
15:55 «Пусть говорят»
17:45 «Кеш қалмайық»
19:00 «Главные новости»
19:45, 22:00 «Невский. Проверка на прочность»
21:00, 1:00 «П@утina»
0:00 «Зорге»
1:45 «Ұшқалақ»

**Сәрсенбі, 17 сәуір**
16:00 «Пусть говорят»
17:00 «Басты жаңалықтар»
17:45, 1:45 «Пендеміз ғой»
19:00 «Главные новости»
19:45, 22:00 «Невский. Проверка на прочность»
21:00, 1:00 «П@утina»
00:00 «Зорге»
02:45 «Ән дария»

### КТК

**Дүйсенбі, 15 сәуір**
6.05 “Дау-дамайсыз”
6.30 “Қайсар жесір”
7.30 “Тағдыр қосқан асыл жар”
8.30 “Юрмала”
10.00 “Вакцина”
11.40 "Переверни страницу "
13.30 “Восточные сладости”
15.35, 00.15 “Саодат”
17.00 “Махаббат пен жаза”
18.30 Кешкі жаңалықтар
19.00, 2.35 “Астарлы ақиқат”
20.00 Вечерние новости
20.40 “Лесник”
22.35 “Тайная любовь”
1.20 “Сүйікті Дениз”
3.20 “Әйел қырық шырақты”
4.10 “Көріпкел”
5.00 “Мерекелік концерт”

**Сейсенбі, 16 сәуір**
6.05, 18.30 Кешкі жаңалықтар
6.30 “Қайсар жесір”
7.30 “Тағдыр қосқан асыл жар”
8.50 Новости
9.30, 20.40 “Лесник”
11.40, 22.35 “Тайная любовь”
13.30 “Восточные сладости”
15.35, 1.00 “Саодат”
17.00 “Махаббат пен жаза”
19.00, 0.15 “Астарлы ақиқат”
20.00 Вечерние новости

**Сәрсенбі, 17 сәуір**
16.05, 5.00 “Мерекелік концерт”
17.00 “Махаббат пен жаза”
18.30 Кешкі жаңалықтар
19.00, 2.35 “Астарлы ақиқат”
20.00 Вечерние новости
20.40 “Лесник”
22.35 “Тайная любовь”
00.15 “Саодат”
1.20 “Сүйікті Дениз”
03.20 “Әйел қырық шырақты”
04.10 “Көріпкел”

*Жалғасы бар*

Телебағдарламада өзгерістер болуы мүмкін

**Қызылша – ауа-тамшы жолымен жұғатын жедел жұқпалы вирусты ауру. Инфекцияның көзі науқас адам болып табылады. Ауру басталғаннан 10 күн ішінде науқас адам өте жұқпалы болып есептелінеді. Бұл аурумен барлық жастағылар ауырады, көбінесе балалар жиі ауырғанымен, оларға жаппай екпе жасалынып жатқандықтан, соңғы кезде ересектер арасында аурушаңдық көптеп кездесуде.**

# ҚЫЗЫЛШАДАН САҚТАН!

Қызылшаның клиникалық белгілері – ауру жедел басталады, дене қызуы 38-40 градусқа дейін көтеріліп, әлсізденіп, тамаққа тәбеті нашарлап, мұрнынан су ағып, ащы жөтел пайда болады, көздері қызарып қабынады. Таңдайда теңбіл бөртпелер пайда болады. Екі ұрттың үстінде қызылшаға тән майда ақшыл бөртпелер кілегей қабығының үстінде ерекшеленіп тұрады. Қызылша бөртпелерінің ерекшелігі: бірінші күні бөртпе бетте, мойында, екінші күні денеде, қол, сан терілерінде, үшінші күні балтыр, аяқтарда шығады, ол күні беттегі бөртпелер бозарады. Бөртпелердің көлемі 2 мм болып, кейде бірнешеуі бірігеді, дегенмен, әрбір бөртпе арасында таза тері көрініп тұрады. 3-4 күнде бөртпелер бозарып, орны қоңырланып, жұқа қабыршықтар қалады.

Қызылша ауруы түрлі асқынуларымен қауіпті. Тыныс алу жүйесі (бронхит, ларингит, пневмония, плеврит), есту жүйесі (отит, мастоидит), орталық жүйке жүйесі (энцефалит, менингоэнцефалит), көру жүйесі (кератоконьюктивит), ас қорыту жүйесі (колит, энтерит), зәр шығару жүйесі бойынша (гломерулонефрит, цистит, пиелонефрит) болуы мүмкін.

Қызылшадан және оның асқынуларынан алдын алудың, қорғанудың тиімді жалғыз әдісі вакциналау болып табылады. Екпе кестесі бойынша балаларға қызылшаға қарсы екпе 12 айында, ал ревакцинация 6 жасында жасалады.

Егер де сіздің балаңыз немесе өзіңіз сырқаттанып қалған жағдайда медициналық көмекке жедел түрде жүгініңіз, емханаға өзіңіз бармай, дәрігерді үйге шақыртыңыз, дәрігер келемін дегенше басқа да жанұя мүшелерімен қарымқатынасты шектеңіз, жөтеліп немесе түшкіргенде ауызыңыз бен мұрныңызды қол орамалмен немесе бір реттік сулықпен жабыңыз, қолыңызды жиі сабындап жуып отыру қажет, тыныс алу мүшелерін қорғайтын бетперде таңып жүріңіз.

**Айгерім ӘЖІБЕКОВА,**
**№1 қалалық емхана аймақтық мейірбикесі.**

## ТАБИҒАТ ПАЙДАЛАНУШЫЛАР НАЗАРЫНА!

Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасы (әрі қарай – Басқарма) тарапынан, «Цифрлы Қазақстан» мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында (қоршаған ортаға шығарылатын нақты эмиссиялар) және (қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы есептерін) қабылдауға арналған «Қызылорда облысы табиғат пайдаланушыларының есебін қабылдау электронды жүйесін енгізу» жобасы әзірленді.

Қазақстан Республикасы Экологиялық кодексінің 73-бабының 5-тармағына сәйкес табиғат пайдаланушы экологиялық рұқсатқа енгізілген табиғат пайдалану шарттарының орындалуы туралы есепті рұқсат берген органға тоқсан сайын ұсынып отыруға міндетті.

Қазіргі таңға дейін Басқарманың мемлекеттік экологиялық сараптама бөлімімен табиғат пайдаланушыларға берілген қоршаған ортаға эмиссияға рұқсат негізінде тоқсан сайын нақты эмиссиялар есебі қағаз түрінде қабылданды.

Іске асырылған қоршаған ортаға шығарылатын нақты эмиссиялар және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы есептерін қабылдау жүйесімен II, III және IV санат объектілері бар табиғат пайдаланушылар облыс орталығына келмей, аталған есептерді **электрондық цифрлық қолтаңба арқылы** тапсыруға мүмкіндікке қол жеткізді.

Қоршаған ортаға шығарылатын нақты эмиссиялар және қоршаған ортаны қорғау жөніндегі іс-шаралар жоспарын орындау туралы есептерін электронды түрде **emission.orda.gov.kz** мекен-жайына өтіп тапсыра аласыздар.

Сұрақтар туындаған жағдайда Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі №1 ғимарат, Облыстық мекемелер үйі, 2-қабат, 222-кабинетінде жауап алуға болады. Жауапты тұлға Жақыпова Эльвира Берікқызы. Байланыс телефонымыз: 8(7242)60-53-69.

## САУДА ОРЫНДАРЫНДАҒЫ ӘЛЕУМЕТТІК МАҢЫЗЫ БАР АЗЫҚ-ТҮЛІК ТАУАРЛАРЫНЫҢ БӨЛШЕК САУДА БАҒАЛАРЫ 12.04.2019 ЖЫЛ

кг/теңге

| | Сауда орындарының атауы | Ақ күріш, кг | Сауда орындарының атауы | Бірінші сортты бидай ұны,кг | Сауда орындарының атауы | Қарақұмық жармасы,кг | Сауда орындарының атауы | Бірінші сортты ұннан жасалған калыпты нан | Сауда орындарының атауы | Сиыр еті, кг | Сауда орындарының атауы | Тауық жұмыртқасы, он данасы | Сауда орындарының атауы | Ақ кауданды қырыққабат,кг | Сауда орындарының атауы | Бас пияз, кг | Сауда орындарының атауы | Сәбіз, кг | Сауда орындарының атауы | Картоп, кг | Сауда орындарының атауы | Ақ қант-құмшекер,кг |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 180 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 82 | Small | 110 | Анвар | 48 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК** | 1320 | Анвар | 230 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 100 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 60 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 40 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 40 | Magnum | 202 |
| 2 | "Small" СУ | 219 | Small | 109 | Magnum | 112 | Ажар | 48 | Анвар | 1500 | Мирас | 250 | Мирас | 155 | Мирас | 85 | Мирас | 110 | Мирас | 85 | Small | 203 |
| 3 | "Қызылорда" СУ | 225 | Ажар | 110 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 120 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 50 | Мирас | 1600 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 260 | Анвар | 180 | Анвар | 96 | Қызылорда | 106 | Қызылорда | 91 | Қызылорда | 225 |
| 4 | "Анвар" СУ | 237 | Мирас | 112 | Анвар | 130 | Мирас | 50 | Small | 1700 | Ажар | 270 | Ажар | 250 | Ажар | 100 | Анвар | 110 | Анвар | 96 | Анвар | 227 |
| 5 | "Magnum" СУ | 245 | Қызылорда | 113 | Мирас | 130 | Magnum | 50 | Magnum | 1759 | Magnum | 280 | Қызылорда | 289 | Қызылорда | 106 | Ажар | 120 | Ажар | 100 | Мирас | 240 |
| 6 | "Ажар" СУ | 245 | | | Ажар | 140 | Small | 57 | | | Қызылорда | 286 | Magnum | 315 | Magnum | 133 | Magnum | 135 | Magnum | 129 | Әлеум. дүкен Байқоныр ӘКК | 240 |
| 7 | Сыбаға базары | 250 | | | Қызылорда | 140 | | | | | Small | 290 | Small | 336 | Small | 146 | Small | 165 | Small | 135 | Ажар | 250 |
| | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | | |

**Ескертпе : Әлеуметтік дүкен ӘКК** - сиыр еті Ескі базар жанындағы және Универсам м/а орналасқан әлеуметтік дүкендерде сатылады.**

## ХАБАРЛАНДЫРУ

Сырдария ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген «Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу» Қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығы маңызы бар су айдындарын бекітіп беруге конкурс жариялайды.

Конкурстың өткізілетін уақыты мен орны: конкурс 2019 жылдың 30 сәуірі күні сағат 11:00-де өткізіледі.

Өтетін орны: Тереңөзек кенті, Д.Қонаев көшесі №9 Б, «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, байланыс телефондары: 8 (72436) 21-1-37, 21-1-30.

**Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің тізбесі**

| № | Су айдындарының атауы | Ауданы (га) | Бекітіп беру мерзімі | Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты | Жыл сайынғы балықтандыру көлемі (дана) |
|---|---|---|---|---|---|
| 1 | Қарамола (Балжансай) | 18 | 10 жыл | Тауарлы көл шаруашылығы | 3150 |
| 2 | Мақпалкөл Қожан-қожа | 40 | 10 жыл | Тауарлы көл шаруашылығы | 7000 |
| 3 | Иіркөл (Құмкөл-3) | 30 | 10 жыл | Тауарлы көл шаруашылығы | 5250 |
| 4 | Қоғалыкөл | 30 | 10 жыл | Тауарлы көл шаруашылығы | 5250 |
| 5 | Балапанды | 30 | 5 жыл | Кәсіптік балық аулау | 5250 |

Конкурстық құжаттар топтамасын Тереңөзек кенті Д.Қонаев көшесі №9 Б «Сырдария аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады.

Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысының табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының ғаламтор-ресурсында **(www.//tabigat.e-kyzylorda.gov.kz)** жарияланады.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі - 2019 жыл 29 сәуір сағат 19.00-ге дейін.

Өтінім тігілген күйінде, нөмірленген беттерімен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен куәландырылады (бар болғанда).

Жеке немесе заңды тұлғалар әрбір мәлімделетін балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне жеке конкурстық өтінім дайындап, оны хабарландыруда көрсетілген мекен-жай бойынша ұсынады.

Конкурстық құжаттарды қатысушының толық атауы мен мекен-жайы, конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайы және «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурс» деген сөздер көрсетілген мөр басылған конвертте ұсынады.

Конкурстық өтінім тіркелген сәттен бастап өтінім берген тұлға конкурсқа қатысушы болады.

**Конкурстық комиссия.**

## ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНА ТҮСУШІ ТАЛАПКЕРЛЕР НАЗАРЫНА!

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті жоғары білім бағыттары бойынша талапкерлерден Ұлттық бірыңғай тестілеуден өту үшін құжаттар қабылдайды.

Жоғары оқу орындарына қабылдау мерзімдерінің өзгеруіне байланысты мемлекеттік білім беру гранты негізінде немесе ақылы негізде оқуға түсем деген орта білім беру ұйымдарының өткен жылдардағы бітірушілері мен техникалық, кәсіптік немесе орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының (колледж) ағымдағы және өткен жылдардағы бітірушілерден Ұлттық бірыңғай тестілеуге қатысу үшін өтініштер қабылдау тек 2019 жылдың мамыр айының 10-на дейін жүргізілетінін хабарлаймыз.

**Қабылдау комиссиясының мекен-жайы:** 120014, Қызылорда қаласы, Абай даңғылы, 66. Тел.: 23-53-92.

**Маршруттар:** №6, №5, №8, №9, №10, №11, №12, №13, №17, №18, №20, №21, №22, №31.

Аялдама: Қорқыт Ата атындағы ҚМУ-дың 5-оқу ғимараты.

*(ҚР Білім және ғылым министрлігінің Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінен 2012 жылдың 11 желтоқсанында №12019394 лицензиясы берілген).*

### Жарамсыз деп есептелсін

Қыстаубай Әміркан Талғатұлының атына Қызылорда облысының ішкі істер департаментінен 10.11.2018 жылы берілген ОМ №03365 қызметтік куәлігі жоғалуына байланысты жарамсыз деп есептелсін.

### Мұралық іс ашылды

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қалтайқызы Ақтолқын 2018 жылдың 21 қазанында қайтыс болған, Қызылорда қаласы, Кеншінбай ақын көшесі №2 үйде тұрған азамат Избастов Абдулла Умирзаковичтің атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

**Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80-А/12. Тел.: 8 701 122 99 93.**

***

Қызылорда қаласының жеке нотариусы Қалтайқызы Ақтолқын 2018 жылдың 13 қазанында қайтыс болған, Қызылорда қаласы, Махамбетов тұйығы №11 үйде тұрған азаматша Алмаханова Алма Бекмуратовнаның атынан мұралық істің ашылғанын хабарлайды.

**Мұрагерлер болса, мына мекен-жайға хабарласуын сұраймыз: Қызылорда қаласы, Торайғыров көшесі №80-А/12, тел.: 8 701 122 99 93.**

## ХАБАРЛАМАЛАР

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (19-22) «Кетеқазған кенішінде мұнай және газ жинау жүйесі. №№11, 12, 14, 30, 31, 32, 35, 36, 37, 38, 39, 40 ұңғымалардан СП-1 спутнигіне 3" аралық құбырлар тарту. Спутник-1 құрылысы. Кетеқазған кеніштегі спутник-1-ден Батыс Тұзкөл кенішіндегі ТҚ-1 топтық қондырғыға дейін 6" мұнайгаз кеніш аралық коллекторын тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі, 4 құрылыс мекенжайында және meruert.srazhadinova@tgmoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (19-22) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі 6кВ электр тарату желілері. №161, 177 (1сақина): 216 (2 сақина): 9, 317, 322, 335, 347 (5 сақина): 348 (6 сақина) ұңғымалары» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі, 4 құрылыс мекенжайында және meruert.srazhadinova@tgmoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (19-28-03) «Батыс Тұзкөл кенішіндегі №№161, 177, 216, 317, 322, 335, 347, 348 ұңғымаларға баратын кірме жолдар» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Д.Қонаев көшесі, 4 құрылыс мекенжайында және meruert.srazhadinova@tgmoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ТузкольМунайГаз Оперейтинг» ЖШС (19-16) «Батыс Тұзкөл кенішінде вахталық қалашықты (ВҚ) және қатты тұрмыстық қалдықтар (ҚТҚ) полигонын газбен жабдықтау» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Д.Қонаев к., 4 құрылыс мекенжайында және meruert.srazhadinova@tgmoperating.kz электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (17-24) «Арысқұм кенішінде МАжАСты жаңғырту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-01-02) «Оңтүстік Құмкөл кенішіндегі №65, 66 ұңғымаларын электрмен қамту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-17) «Оңтүстік-Батыс Қарабұлақ кенішінде су айдау жүйесі. СТБ-2 және СТБ-3. СТБ-1 бекетінен СТБ-2 және СТБ-3 дейін 6" айдамалау коллекторын салу. №№49, 52, 61 ұңғымаларға айдамалау желісін тарту.» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-02-02) «Солтүстік Нұралы кенішінде №№231, 245 ұңғымаларын электрмен қамту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

ҚР Қоршаған ортаны қорғау министрінің 2007 ж. 28.06 №204-ө бұйрығымен бекітілген «Жоспарлау алдындағы, жоспарлау, жобалау алдындағы және жобалау құжаттамасын әзірлеу кезінде көзделіп отырған шаруашылық және өзге де қызметтің қоршаған ортаға әсеріне бағалау жүргізу бойынша нұсқаулықтың» 53-тармағына сәйкес «ПетроҚазақстан Құмкөл Ресорсиз» АҚ (19-02-01) «Солтүстік Нұралы кенішінде мұнай жинау жүйесі. №231, 245 ұңғымаларынан аралық құбырлар тарту» жұмыс жобасы бойынша қоғамдық пікірді тіркеу үшін жазбаша ұсыныстар мен ескертулерді қабылдайды.

Жазбаша ұсыныстар мен ескертулер Қызылорда қаласы, Қазбек би к., 13 мекенжайында және zhomart.myrzabekov@petrokazakhstan.com электронды поштасы арқылы қабылданады.

**Анықтама алу телефоны: 8 (7242) 29-91-92.**

Қызылорда облыстық Н.Бекежанов атындағы қазақ музыкалық драма театрының ұжымы Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Рахымжанқызы Абуоваға жұбайы

**Нұрман Нұғыманұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Ә.Тәжібаев атындағы облыстық әмбебап ғылыми кітапханасының ұжымы Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Рахымжанқызы Абуоваға жұбайы

**Нұрман Нұғыманұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

***

Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы және Қызылорда облыстық тарихи-өлкетану музейінің ұжымы Қызылорда облысының мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының басшысы Мира Рахымжанқызы Абуоваға жұбайы

**Нұрман Нұғыманұлының**

қайтыс болуына байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

# ТЕРМЕЗДІ ТЕРБЕТКЕН ТЕКТІЛІК

***– Ұлжан, жеңісіңе күллі жерлестерің қуанысып, сүйінші сұрасып жатыр. Ақжолтай хабарды алдымен таратуға ұмтылып, облыстық «Сыр бойы» газеті де өзіңе деген тілектестігін білдіріп отыр.***

***Біздің білуімізше, Өзбекстан алғаш қолға алып өткізіліп отырған бұл фестиваль бұрынғылардан өзгерек секілді.***

– Дұрыс, өзбек елінде ұлт өнерін дәріптейтін әртүрлі ауқымды шаралар өткізіліп келеді. Бұл өзбек Президентінің арнайы қарарымен бекітілген 1-ші Халықаралық фестиваль болды. Мұнда тек жыршылық өнерді ғана емес, сонымен бірге ұлттық тағам, қолөнер бұйымдары, халықтың салт-дәстүріне қатысты жәдігерлер жәрмеңкесі болды.

Өнер фестивалінде Өзбекстанның барлық өңірлері өзінің тарихи қалаларының макетін жасап, тағамдарын тарту етіп, жарқылдаған бұйымдарын жайып тастады. Көргеннің көз жауын алады, ертегі еліне еніп кеткендей әсер қалдырады.

Ал, эпостық шығармаларды орындау мен өнер сайысының сахнасы қала ортасындағы атшаптырым алаңда кешкі сағат сегізден таң атқанша талмай жырлады. Оны шамамен 5 мыңдай адам тамашалады және өзбек елінің телеарналары тікелей эфирден таратты.

Фестивальдің ашылуына Өзбекстан Президенті Шавкат Мирзиёев келіп, сөз сөйледі. Ол кісінің «Егер біз халық жауһары саналатын өнерді ұлықтап, әлем алдына шығармасақ, онда тарихтың алдында кінәлі боламыз» деген сөзі барша түркі жұртын жақындастыра түскендей еді.

Бағзы замандағы Тонықөк, Күлтегін кезеңінде-ақ шежірелі жырларымыз тасқа қашалып жазылды.

1-бет



Түрік қағанаты, Ноғайлы дәуірі, Қазақ хандығы тұсында жыршы-жыраулар мемлекеттің құрылуына тікелей атсалысты. Ұлттық идеологияны жасаушы сол жыршы-жыраулар еді. Міне, сондықтан да өз мұңы мен үнін бойында сақтаған киелі өнер әрбір ұлт үшін қымбат қазына. Жыр – халықтың қанында ағыстап жатқан асыл болмысы.

Бес күндік ұлт өнері мерекесінде осы сарындағы ойдың әрбір кеудеде сақталып келе жатқаны сезілді.

... Менің кезегім түнгі сағат он екіде келді. Өзбектің рубабы, қырғыздың қомузы, тываның чанзысы, кәрістің кунхуы, ұйғырдың дутары думандатқан алапат үннің ішіне қазақтың ақ домбырасын алып қосылып кеттім. «Көрұғлы» дастанын жырладым.

Қазылар алқасында түріктің,




монғолдың, кәрістің, басқа да елдердің беткеұстарлары отыр. Бәрі ұлт музыкасының білгірлері, профессор, академиктер. Санасы көне ғасырларға саяхаттап кеткендей болған көп жұрт мен мақам қайырған сайын осы шағына қайта оралғандай бір дүрлігіп басылып отырды. Сірә, тыңдаушың болса, өн-бойыңдағы бүкіл дарының мен даусың тасқындап төгіледі екен. Негізі әр эпосшыға жарты сағат уақыт берілді. Бір қызығы, мені шектеген жоқ. Екі иығымнан рух қанаты көтергендей аспандап барып, 45 минут дегенде өзім тоқтадым.

***– Қазақтың жыры мен мақамының қандай болатынын жарқырата көрсеттің! Бұл сенің жыраулық талантың ғана емес, ұлт өнерінің тініне бойлап, оның қадір-қасиетін ұстай білген ұзандығың. Қошемет аз болмаған шығар?***

– Сайысқа қатысушылар күндіз демалады не қыдырыстап қызық көреді. Мен де өз жырымды айтып болған соң демалатын шығармын деп ойладым. Бірақ, сол күні өзін шаһар хакімінің орынбасарымын деп таныстырған бір азамат маған келіп, «Халық сұрауы бойынша ертең жеке концертіңізді берсеңіз екен» деді. Халық сұрап жатса, жоқ деймін бе, ертеңіне қалалық мәдениет үйінде жеке концертім өтті. Мұнда да мың жарымдай көрермен жиылды.

Мен жергілікті халықтың ұлт өнерін соншалықты қадірлейтінінің куәсі болдым. Бір жарым сағаттық концертімнің қалай өтіп кеткенін өзім де байқамадым.

***– Бәрекелді, айтпақшы, орындаушы үшін сайыстың ең қызық көрінісі жүлде беру сәті қалай болды?***

– Ең соңғы күнгі сол сәтті қобалжып күткеніміз рас. Бас жүлде болмайды екен деген де сыбыс естілген. Әдетте жүлде соңғы орындардан бастап табысталады ғой. Үшінші орын, екінші орын берілді. Менің атым аталмады. Бәрі де шетінен алтын алқым, күміс көмей дейтін жыршы-жыраулар. Бәрі де озуға лайық. Бірақ, жүлдеден менің де үмітім бар. «Бірінші орын өзбек Абдназар Пояновқа беріледі» деген сөзді естігенде сырттан қараған адам еңсемнің түсіп кеткенін байқаған шығар. Қазақстан атынан келіп тұрған жалғыз жырау мен едім. Жұрттың соңында қалғаным қазақ өнеріне қиянат жасағаным емес пе деп өзім өзімнің жер-жебіріме жетіп тұрдым. Осы кезде «Гран-приді тапсыру үшін Өзбекстан мәдениет министрін шақырамыз» деп хабарланды. Министрдің көрермен арасынан шығып, сахнаға жетем дегенінше ұза-ақ уақыт өткендей болды. Ол менің соңғы үмітім еді. Бір кезде... «Гран-при Қозоқстан бохчиси Улчан Байбосиновага берилади» дегенде бес мың қаралы жұрт бір мезгілде ду-у қол соғып, орнынан көтерілді.

Бұл сәтте мен өз халқымның арқалатқан аманатын орындағандай ерекше күй кештім. Көп жұрт «Қазақ, қазақ!» деп қошеметтеп жатты.

Осылайша, мыңдаған жұрттың кеудесі киелі өнер тұнығымен тазарған бес күн дүрілдеп өте шықты. Жыраулық өнер өзінің тарих сахнасына берік орныққанын тағы бір дәлелдеді.

***– Жеңісің де, жемісің де баянды болсын, ұлт өнерінің Ұлжаны!***

Сұхбаттасқан
**Дүйсенбек АЯШҰЛЫ.**
«Сыр бойы».

**BÁREKELDI**

**Жақында Нұр-Сұлтан қаласында өткен республикалық «Таңғы шұғыла» байқауына сән үлгісі мен би және ән жанры бойынша Төретам кентіндегі №22 «Гауһартас» балабақшасының өнерлі бүлдіршіндері қатысты.**

## БҮЛДІРШІНДЕР БИІК БЕЛЕСТЕ

Байқаудың бірінші күні топтың көркемдік жетекшісі Айгүл Жолдыбаеваның балғын бишілері «Көктем шапағаты» атты биді қойса, келесі күні хореограф Жансая Айдәулетованың «Бал қымыз» биімен көрермен көзайымы атанды. Осылайша жас бишілер қазылар алқасының шешімімен байқаудың бас жүлдесін жеңіп алып, Сыр мерейін асырды.

Сондай-ақ, байқауда ән жанры бойынша «Мен бақытты баламын» атты әнін нақышына келтіре орындаған балғын әншілер Айзере Шынжырбаева мен Гүлсезім Досмахан жүлделі II орынды иеленіп, алғыс хаттармен және ескерткіш медальдармен марапатталды.

Байқау барысында осындай дарынды шәкірттерді тәрбиелеген балабақша басшысы Ботакөз Ахмет, тәрбиеші Айгүл Жолдыбаева және хореограф Жансая Айдәулетова да арнайы дипломдарға ие болды.

«Гауһартас» балабақшасының балғын өнерпаздары, атап айтқанда, Айзере Шынжырбаева, Айым Меңдікара, Гүлім Меңдікара, Айару Ержанова, Інжу Бақберген, Гүлсезім Досмахан, Аймерей Советова, Раяна Асылқанқызы және Айару Баймұратова мен Аниса Маликовалар елорда төрінде ән шырқап, мың бұрала билеген биімен дүйім халықтың қошеметіне бөленді.

Енді жас өнерпаздар маусым айында Түркияда өтетін халықаралық байқауға қатысады.

**Нұрбай ЖАНӘДІЛОВ.**
Байқоңыр қаласы.

**«MEREKEGE» – 30 JYL**

# АСПАПТАР ҮНІ АСҚАҚТАҒАН КҮН

**С.Майқанова атындағы мәдениет үйінде өнерсүйер қауымға танымал «Мереке» вокалды аспаптар ансамблінің құрылғанына 30 жыл толуына орай облыстық байқау ұйымдастырылды. Байқауға 10 өнер ұжымы қатысып, бақ сынады.**

**Гүлмира ДІЛДӘБЕКОВА.**

Бұдан 30 жыл бұрын сол кездегі Сырдария ауданында құрылған ансамбль қазақ әндеріне жаңаша өрнек беру жолында ізденіспен келеді. Бүгінде ұмытыла бастаған вокалды аспапты ансамбльдердің өнерін насихаттауды мақсат еткен байқау көрерменге рухани демалыс сыйлады.

Байқауда ҚР Еңбек сіңірген қайраткері, ҚР Композиторлар одағының мүшесі, белгілі композитор Рамазан Тайманов бастаған өнерпаздар қазылық етті.

Өнер жарысына талапты жастарды алып келген Шиелі ауданы Ботабай ауылдық клубы директоры, күйші-композитор Батырхан Махановпен аз-кем тілдескен едік.

– Байқауға Ботабай ауылдық клубының жанынан құрылған «Тұмар» ансамблі қатысуда. Шыны керек, бүгінде сахнада жанды дауыспен ән айту өте аз. Сонымен қатар қолмен ұстап, тартылып, шертілетін музыкалық аспаптар да ұмытылып бара жатыр. Қазір музыка компьютерлік өңдеуден өтіп, дайын фонограммамен дыбысталады. Міне, осы жағынан бұл байқау нағыз таза өнерді насихаттау үшін өте маңызды шара болып отыр. Біз сахнаға өзге музыка аспаптарымен бірге домбыраны да алып шығамыз. Себебі, бұрын әр үйдің төрінен табылатын домбыра қазір көп көріне бермейді. Ауыл клубынан домбыра үйірмесі ашылғалы бері балалардың ұлттық аспапқа деген қызығушылығы артты, сонымен қатар, ауылда домбыра көбейді, – деді ол.

Байқау өз мәресіне жетіп, бас жүлдені Сырдария ауданынан келген «Ритм» вокалды аспапты ансамблі, I орынды қазалылық «Сейхун» этно-рок ансамблі жеңіп алса, II орынды жаңақорғандық «Экспресс», ал, III орынды жалағаштық «Алтын Арай» ансамблі иеленді.



**ÓNER**

# СУ БЕТІНДЕГІ СҰЛУЛЫҚ

**«Эбру» – ежелгі түріктерден бастау алған сурет өнері. Бүгінде ол бейнелеу өнеріндегі жаңа технология ретінде қолданыста. Әлеуметтік желіні парақтай келе, біздің өңірде де бұл тәсілдің кеңінен таралғанына көз жеткіздік. Балалар шығармашылығын дамытуды көздейтін «Қорқыт» өнер мектебінде осы ерекше дүниеге ден қойған өрендер көп екен.**

**Мөлдір ҚАЛЫМБЕТ.**

Мамандармен тілдескенімізде, соңғы уақытта «Эбру» өнеріне қызығушылық танытушылар саны артқанын алға тартты. Бұл су бетіне түсірілуімен ерекшеленетін технологияның адамның жан дүниесіне үңіліп, ішкі әлеміндегі жай-күйін жеткізуге ықпал ететіндігімен байланысты болса керек.

– Алғашында «Су бетіне сурет салу мүмкін бе?» деген сауал қойып, күмәнданатындар табылатын. «Эбру» сонысымен де ерекше шығар. Әрі түркілер ойлап тапқан арт терапияның бұл түрі қауіпсіз саналады. Қолына қылқалам ұстаған кез келген адам қиялға ерік беріп, төл туындысын жасап шығады. Сонымен қатар жеке шығармашылықты дамыту үшін де су арқылы қағаз бетіне түскен суреттің орны зор. «Эбру» жаңа дүниелер ойлап табуға да септігін тигізеді. Дүниежүзінде аталған өнерді «Биші бояулар», «Бұлт пен жел», «Толқын тәрізді қағаз» деп атайды. Бірақ, бұл өнер түрі ерекше даярлықты, шыдамдылықты талап ететінін ескеру қажет. Үйірме қатысушыларына осыны жиі айтамын. 30 шақты шәкіртім бар. Негізінен, балаларды 4-5 жастан бастап қабылдаймыз, ақылы негізде. Араларында икемделіп, біраз төселіп қалғандары бар. Соның ішінде Дәулет Ермекбайды ерекше атар едім. Себебі, жас талант бұған дейін түрлі байқауларда өзін дәлелдеп, өнерімен тамсантты. Жасаған дүниелеріне таңданбау мүмкін емес, – деді өнер мектебінің қосымша білім беру педагогі Аида Бердеева.

Әңгіме барысында Аида «Эбру» технологиясының қыр-сырымен де бөлісті. Ерекше өнер түрі арнайы су, бояу, қылқалам мен шило секілді құралдарды қажет етеді екен. Түсінікті болу үшін тарқатып айтсақ. Алғашында сіз ыдысқа ArtDeco суын құйып, шило арқылы бояулармен фон шығарасыз. Содан кейін тамшы арқылы қиялға ерік беріп, әртүрлі оюларды өрнектейсіз.



Бұл жерде жоғарыда айтып өткен майлы су екі түсті араластырмай, ғажайып құбылыс шығаруға ықпал етеді. Оны қағаз бетіне, маталарға түсіруге де мүмкіндік бар. Қағазды су бетінде бар болғаны 5-10 секунд ғана ұстап, суретті көшірген соң, оны бірқалыпты температурада кептіресіз. Соңында қиялыңыздағы таңғажайып бейнемен көпті сүйсінте аласыз. Ең қызығы, суреттің екінші нұсқасын, не көшірмесін жасау тіпті мүмкін емес. Себебі, суға шашылған бояу әр кезде әртүрлі өрнек құрайды және ешқашан бір-бірін қайталамайды.

**SERGEK**

## НАЗЕРКЕНІҢ ЖЕҢІСІ

Шри-Ланканың Вакадува қаласында шахматтан өткен Азия чемпионатында жерлесіміз Назерке Нұрғали ел абыройын асқақтатып, көк туды желбіретті. Ол 16 жасқа дейінгі қыздар арасында рапид түрінен өнер көрсетіп, екінші мәрте Азия чемпионы атанса, классика бойынша күміс жүлдені иеленді.

## ГИМНАСТШЫЛАРДА ҚОЛА ЖҮЛДЕ

Сингапурда топтық эстетикалық гимнастикадан төрт құрлық жарысы және Сингапур кубогы өтті. Бұл жарыстарда 12-14 жас аралығында Сыр гимнастшылары жақсы өнер көрсетіп, қола жүлдеге қол жеткізді.

8-10 және 12-14 жас аралығында шеберлік байқасқан жүлдегер қыздарды облыстың аға жаттықтырушысы Гүлмира Абсұлтан және хореограф Гүлзат Расул дайындайды.

## АЗИЯ ЧЕМПИОНАТЫНА ҚАТЫСАДЫ

16-21 сәуір аралығында Алматыда жастар арасында ұлттық ат спорты түрлерінен 1-ші Азия чемпионаты өтеді. Дүбірлі бәсекеге Ресей, Қытай, Венгрия, Моңғолия, Малайзия, Түркия, Өзбекстан, Тәжікстан, Ауғанстан, Қырғызстан командалары және ел құрамасы қатысады. Көкпардан ұлттық құрама сапында жүрген жерлесіміз, Жаңақорған ауданы, Талап ауылының шабандозы Нұрлыбек Асқаров байрақты бәсекеде ел намысын қорғамақ.

Айта кету керек, Нұрлыбек көкпардан 3 дүркін Қазақстан чемпионатының күміс және қола жүлдегері, дүниежүзілік көшпенділер ойындарының қола медаль иегері.

**«СБ» ақпарат.**

www.facebook.com/syrboyi.kz/ https://twitter.com/syrboyi www.instagram.com/syrboyikz

Меншік иесі
СЫР МЕДИА
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36
40-11-10 (1002)

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17,
40-11-10 (1007)

Бас редактордың орынбасары – 40-11-10 (1053)
Жауапты хатшы – 70-00-81 (1037)

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 40-11-10 (1039, 1040)
экономика – 40-11-10 (1038, 1033)
әлеумет және саясат – 40-11-10 (1034)
жарнама – 70-00-52, 40-11-10 (1058)
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38
компьютер орталығы және корректорлар – 40-11-10 (1036, 1035)

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті
ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған.
Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат инистрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды. Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 29258
Тапсырыс №556

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.
e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz
Кезекші редактор Назерке САНИЯЗОВА.